

**МАЛ ТЕРІСІ ДАЛАДА ҚАЛМАСЫН**

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



**КӨРШІГЕ БАРАТЫНДАР НЕГЕ КӨП?**

8-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



**ЖАҺАНДЫҚ САУДА СОҒЫСЫ**

9-БЕТ | ШАРТАРАП

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

*Қазақтың бас адамдары! Әуелі сіздер адаспаңыздар: адаспас үшін ақылдасып, ойланып, ынтымақпен іс етіңдер!*

**Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ**

№20
(4764)
Бейсенбі
20 ақпан
2025 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

# ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ – ТҰРАҚТЫ НАЗАРДА



Сұлтан СЕЙІТ

3

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек елорда аудандарының тұрғындарымен есептік кездесуін жалғастырды. Кеше қала басшысы Есіл ауданы тұрғындарымен жүздесіп, олардың көкейіндегі мәселелерді тыңдап, ұсыныс-өтініштеріне жауап берді. Көтерілген мәселелер, негізінен, тұрғын үй, коммуналдық қызмет және әлеуметтік сұрақтарға бағытталды.



Елордада жаңадан орнатылып жатқан бейнебақылау камералары көлікте ұялы телефон ұстаған жүргізушілерді бірден тіркеп, айыппұл салады.

Смарт жүйе қауіпсіздік белдігін тақпаған және жаяу жүргіншілерге жол бермегендерді де анықтайды. Осылайша жасанды интеллекттің көмегімен 15 түрлі құқық бұзушылық автоматты түрде есепке алынады. Жыл соңына дейін қаладағы 22 мың камера осы жүйеге қосылмақ. Жобаны іске асыру үшін Біріккен Араб Әмірліктері 53 млрд теңге инвестиция құяды.



Қазақстанда жыл сайын халықаралық әуе рейстерінің саны артып келеді. Қазір 31 елдің 58 қаласына 119 бағыт бойынша рейстер орындалады.

Биыл 16 жаңа бағыт ашу жоспарлануда. Олардың қатарында Рим, Мюнхен, Будапешт, Шанхай, Гуанчжоу, Пусан (Оңтүстік Корея) және басқа қалалар бар. Былтыр 22 халықаралық бағыт бойынша 6 жаңа қалаға 12 рейс ашылды. Олардың қатарында Мумбай (Үндістан), Джидда (Сауд Арабиясы), Прага (Чехия) сияқты ірі қалалар бар. Сонымен қатар 10 бағыттағы рейстер қайта жанданды.



## АСТАНАЛЫҚ ОҚУШЫ – ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗЫ

№81 Astana English school халықаралық мектебінің 1-сынып оқушысы Нұрлан Нұрдәулет халықаралық «StemCo» олимпиадасында алтын медаль иеленді.

Өткен жылы ғана мектеп табалдырығын аттаған Нұрлан Нұрдәулет «математика және science» пәні бойынша үздік нәтиже көрсетіп, қарсыластары ішінен оза шауып, бірінші орынға табан тіреп, еліміздің атын асқақтатты. Алғашқы онлайн кезеңнен сүрінбей өткен 7 жасар оқушы енді Сингапур қаласында өтетін финалдық кезеңге қатысады.

Халықаралық олимпиадаға қатысқан тағы бір елордалық 4-сынып оқушысы Зере Ақболат «жаратылыстану» пәні бойынша бақ сынап, қола медаль еншіледі.

**«ASTANA AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР**



№20 (4764) 20/02/2025 Бейсенбі



# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТЕРЕҢДЕЙ ТҮСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Иордан Хашимит Корольдігіне ресми сапармен барды. Әлия патшайым атындағы халықаралық әуежайда Қазақстан Президентін ханзада Әли бен әл-Хусейн мен Иордания Премьер-министрі Жафар Хасан қарсы алды. Сапар аясында Король II Абдалламен шағын және кеңейтілген құрамда келіссөздер жүргізіліп, бірқатар екіжақты құжатқа қол қойылды.

### ҚҰРМЕТПЕН ҚАРСЫ АЛДЫ

Әл-Хусейния сарайында Иордан Хашимит Корольдігіне ресми сапармен келген Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Қазақстан Президентін Король II Абдалла бен әл-Хусейн мен Тақ мұрагері Әл-Хусейн қарсы алды. Мәртебелі мейманның құрметіне сарай алдындағы алаңда Құрмет қарауылы сап түзеп тұрды. Әскери оркестр Қазақстан мен Иорданияның мемлекеттік әнұрандарын орындады. Құрмет қарауылы ротасы бастығының рапортынан кейін мемлекеттер басшылары келіссөз залына барды.

### ЕКІ ЕЛДІ БАЙЛАНЫСТЫРАТЫН ДҮНИЕ КӨП

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Иордания Королі II Абдалла бен әл-Хусейнмен келіссөз жүргізді. Президент, ең алдымен, Король II Абдалланың билік басына келгеніне ширек ғасыр толуымен құттықтап, оның Иордания халқының өсіп-өркендеуіне және елдің орнықты дамуын қамтамасыз ету мен халықаралық аренадағы абырой-беделін арттыруға бағытталған жасампаз бастамаларының сәтті жүзеге асырылуына тілектестік білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға үлес қосып келе жатқаны үшін Иордания көшбасшысына алғыс айтты. Президенттің пікірінше, Иордания – бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға бейіл ел ретінде халықаралық қоғамдастық тарапынан мойындалған мемлекет.

«Бұл сапарымның мақсаты – біздің қарым-қатынастарымызға, достығымыз бен сауда-экономикалық байланыстарымызға тың серпін беру. Әлемде орын алып жатқан үдерістерге қатысты көзқарасымыз бен оған беретін бағамыз ортақ деп санаймын. Сонымен қатар біз саяси деңгейдегі ынтымақтастығымызды тереңдете түсуге ниеттіміз. Біздің айқын жоспарымыз бар. Таяу болашақта нақты уағдаластықтарға қол жеткізіп, оның оң нәтижелерін көретінімізге сенімдімін. Біз өзара ықпалдастығымыздың аясында аянбай жұмыс істеуге дайынбыз. Иорданияны достас мемлекет деп санаймыз. Екі елді байланыстыратын дүние көп» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



Мемлекет басшысының айтуынша, қабылданатын Бірлескен мәлімдеме мен келісімдер Қазақстан-Иордания ынтымақтастығын екіжақты және көпжақты күн тәртібінің барлық бағыты бойынша арттыруға қос тарап та мүдделі екенін білдіреді.

### ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫ КЕҢЕЙТУГЕ МӘН БЕРІЛДІ

Иордания Королі II Абдалла Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың сапары екі ел арасындағы саяси, сауда-экономикалық, инвестициялық байланыстарды одан әрі кеңейтуге мол мүмкіндік беретінін атап өтті.

«Өзіңізді және Сіздің құрметті делегацияңызды Иорданияда қарсы алғаныма қуаныштымын. Бүгін экономикалық байланыстарды жандандыруға және жеке сектор үшін мол мүмкіндіктер ашылады. Бұл өте маңызды» деді Иордания Королі.

Келіссөз барысында тараптар сауда, инвестиция, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік-логистика, туризм, энергетика, цифрландыру және фармацевтика секілді негізгі секторлардағы өзара тиімді ынтымақтастықтың перспективасын егжей-тегжейлі талқылады.

Екі елдің мәдени-гуманитарлық ықпалдастығын кеңейту мәселелеріне айрықша мән берілді. Қазіргі кезде Қазақстанның медициналық оқу орындарында Иорданияның 300-ге жуық азаматы білім алып жатыр. Сонымен қатар Мемлекет басшысы мен Иордания Королі халықаралық және өңірлік қауіпсіздіктің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты. Кездесу соңында Президент Иордания Королін Қазақстанға сапармен келуге шақырды.

### БІРҚАТАР ҚҰЖАТҚА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Келіссөздер аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Иордан Хашимит Корольдігінің Королі II Абдалла бен әл-Хусейн Бірлескен мәлімдеме қабылдады. Сондай-ақ мемлекеттер басшыларының қатысуымен ресми делегациялар мүшелері төмендегідей құжаттарға қол қойды:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Иордан Хашимит Корольдігі Үкіметі арасындағы өнеркәсіптік ынтымақтастық мәселелері бойынша өзара түсіністік туралы меморандум;
2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен Иордан Хашимит Корольдігі Атом энергетикасы жөніндегі комиссиясы арасындағы атом қуатын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы ынтымақтастық мәселелері бойынша өзара түсіністік туралы меморандум;
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі мен Иордан Хашимит Корольдігі Өнеркәсіп, сауда және жабдықтау министрлігі арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандум;
4. «Самұрық-Қазына» ұлттық компаниясы» АҚ мен Иордан Хашимит Корольдігі Инвестициялар министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы келісім;
5. Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасы «Қазақстан Республикасы Президентінің телерадиокешені» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорыны мен Иордания радио және телевизия корпорациясы (Jordan Radio and Television Corporation) арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандум.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысының Иорданияға ресми сапары аясында ведомствоаралық және коммерциялық 10 құжатқа қол қойылды.

---

Мәжіліс денсаулық сақтау, ойын бизнесі және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша заңды екінші оқылымда қабылдады. Түзетудің бірінші оқылымы 2024 жылғы 25 желтоқсанда өтті.

# ДӘРІГЕРЛЕРДІ ДАЙЫНДАЙДЫ

Заң аясында Денсаулық сақтау министрлігінің жекелеген құзыреттері оларды оңтайландыру мақсатымен нормативтік құқықтық актілерге беріледі. Атап айтқанда, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстен уәкілетті органның нұсқаулықтарды, алгоритмдерді, ережелер мен көрсеткіштерді қалыптастыру әдістерін әзірлеу және бекіту, сондай-ақ денсаулық сақтау саласына мониторинг жүргізу сияқты құзыреттерді заңнамалық реттеу алынып тасталады.

Мәжіліс депутаттарының бастамасымен Денсаулық сақтау министрлігінің қарамағындағы ғылыми-зерттеу институттарына резидентура бағдарламалары бойынша оқытуды өз бетінше жүзеге асыру, ал бейінді бағыттар бойынша докторантураны даярлау бағдарламаларын медициналық жоғары оқу орындарымен бірлесіп оқыту құқығы беріледі. Сонымен қатар құқықтық нормаларды құқықтық технологияға сәйкестендіру үшін редакциялық түзетулер енгізіледі.

# АПАТТЫҢ СЕБЕПТЕРІ ТЕРГЕЛЕДІ

Үкімет отырысында күн тәртібіндегі мәселеге кіріспес бұрын Олжас Бектенов Ұлытау облысында шахтаның опырылу салдарынан қаза тапқан жұмысшылардың туған-туыстары мен жақындарына көңіл айтты.

«Үкімет атынан шахтадағы апат салдарынан қаза тапқан кеншілердің туған-туыстары мен жақындарына көңіл айтамын. Марқұмдардың отбасыларына барлық қажетті көмек көрсетіледі. Оқиға орнында тиісті қызметтер жұмыс істеп жатыр» деп атап өтті Премьер-министр.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен апаттың себептерін тексеру және зардаптарын жою бойынша үкіметтік комиссия құрылды. Жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаевтың есебі тыңдалды. Биылғы 17 ақпанда «Қазақмыс» корпорациясының «Жомарт» кеніші шахтасында апат орын алғаны аталып өтті. 7 адам қаза тапты. Бұл ретте 402 адам өз бетінше эвакуацияланды.

Аталған жағдай бойынша сотқа дейінгі тергеу жұмыстары басталды. Оқиға орнында Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық жедел штабы құрылды. Сенім телефонына 23 қоңырау түсті. Премьер-министрге үкіметтік комиссия апаттың себептерін тергеу бойынша жұмысты бастағаны, тиісті сараптамалар жүргізілетіні баяндалды.

Алдын ала мәлімет бойынша шахтада табиғи газ жарылған. Комиссия басшысы мен мүшелері оқиға орнында болып, қаза тапқандардың отбасыларымен кездесу өткізді. Қазір шахтадағы жұмыс тоқтады. Екі арнайы шағын комиссия құрылды: біреуі апаттың себептерін, екіншісі қауіпсіздік ережелерін бұзу фактілерін анықтайды. Шағын комиссиялар өз жұмысын 10 күн ішінде аяқтауы керек.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қаза тапқандардың отбасыларына қажетті қолдау шаралары көрсетілуде. Сондай-ақ «Қазақмыс» корпорациясы ұжымдық шартқа сәйкес жерлеу рәсімін ұйымдастыру, жылдық орташа жалақының 10 еселенген мөлшерін төлеу, балалардың оқу ақысын төлеу, қаза тапқан жұмысшылардың несиелері мен қарыздарын өтеуге көмек көрсетеді.

Қолданыстағы заңнама шеңберінде кеншілердің отбасыларына бюджеттен мемлекеттік жәрдемақылар және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік сақтандыру мемлекеттік қорынан әлеуметтік төлемдер тағайындалады, сондай-ақ жерлеуге арналған төлемдер жүргізіледі. Жалпы комиссия жұмысы аяқталғаннан кейін тергеу нәтижелері ұсынылады.

«Оқиғаның мән-жайын мұқият тексеріп, зардаптарын жою керек. Қанат Алдабергенұлы, жүргізіліп жатқан жұмыстар барысы туралы үнемі баяндап отырыңыз» деп атап өтті Премьер-министр.

№20 (4764) 20/02/2025 Бейсенбі

Ержан ҚОЖАС



# ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ – ТҰРАҚТЫ НАЗАРДА

Кеше Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Есіл ауданының тұрғындарымен есептік кездесуін өткізіп, тұрғындардың көкейіндегі сауалдарына жауап берді, ұсыныстарды тыңдап, айтылған мәселелер бойынша көпшіліктің ойын білді. Сонымен қатар, Есіл ауданының әкімі Дәрменияр Қыдырбекұлы өткен жылы атқарылған жұмыстар жайында баяндама жасады. Соның ішінде абаттандыру, жөндеу-қалпына келтіру, көгалдандыру, жарықтандыру және өзге де жұмыстар бар.

Аудан әкімінің баяндамасында айтылғандай, өткен жылы қаладағы маңызды орындарда, мысалы, Ботаникалық бақ, EXPO аумағы, Достық, Д.Қонаев және Ақмешіт көшелеріндегі қоғамдық орындарды абаттандыруда үлкен жұмыс атқарылған. Бұл учаскелерде 56 мың м² тротуар жаңартылыпты. Сондай-ақ, Нұржол бульвары, Есіл өзенінің жағалауы, Президент паркінде жөндеу жұмысы жүргізілді. Бұдан бөлек, Мәңгілік ел даңғылын қайта жаңарту, Бас мешіт аумағы, «Ұлытау», «Керуен» және «Мәслихат» саябақтарында абаттандыру жүргізілген.

«Биылғы жоспарымыз бойынша біз Достық көшесін абаттандыруды жалғастырып, Қазақ радиосы көшесін де абаттандыруды жоспарлап отырмыз» дейді Есіл ауданының әкімі.

### АУДАННЫҢ 90 ПАЙЫЗЫ АБАТТАНДЫРЫЛДЫ

Ауданда барлығы 357 аула болса, оның 89 пайызы (317 көше) абаттандырылған. Былтыр 9 аулаға кешенді абаттандыру жүріпті. Сонымен қатар, тұрғындардан iKomek-ке түскен өтініштер ескеріліп, қосымша 49 аула жөнделді. Ал 2025 жылға аулаларды абаттандыру «Халық қатысатын бюджет» жобасы арқылы жүзеге асырылмақ. Оған 1 наурызға дейін өтініштер қабылдануда.

«Екінші үлкен мәселе – ауданды көгалдандыру. Өткен жылы көктем мен күз айларында саябақтар мен көшелер бойына 13 мыңнан астам ағаш пен 76 мыңнан астам көпжылдық декоративті бұталар отырғызылды. Бұл жұмыстар биыл да жалғасын табады. Ауданымызды көгалдандыру бойынша қарқынды жұмысты тоқтатпаймыз. Сонымен қатар, жарықтандыру мәселесін айтсақ, ауданда барлығы 139 көше бар. Оларға 15 мыңға жуық жарық нүктесі қойылған. Былтыр Керей мен Жәнібек хандар көшесінің бойында 1,4, ал әуежай бағыты бойынша 10 шақырым кабель желілері ауыстырылды. Сонымен қатар, «Шұбар» шағын ауданында жарықтанбаған көшелер бойынша жұмыстар басталды. Қазір 3 көшеге жарық орнатылды, бұл жұмыстар биыл да жалғасады» дейді Дәрменияр Қыдырбекұлы.

Оның айтуынша, аудандағы декоративті жарықтандыру тек қосымша жарық көзі ретінде ғана емес, азаматтардың қауіпсіздігін арттыруға, сол жағалаудың архитектуралық ерекшелігін айқындап тұр. Мысалы, өткен жылы 21 тұрғын үй кешенінде декоративті жарықтандыру орнатылыпты.



Есіл ауданында барлығы 191 аялдама павильоны бар, оның 59-ы – жылы аялдама. Былтыр тұрғындар ыңғайлылығы үшін қосымша 13 жылы аялдама орнатылған.

Ауданда санитарлық тазалық жыл бойы жүреді. Биыл оның аумағы 3,1 млн м²-ге артты. Сондай-ақ, аула ішіндегі тазалаудың аумағы 1,1 млн м²-ге ұлғайды. Санитарлық жұмыстың негізгі бағыты – заңсыз қоқыс үйінділерін жою. Өткен жылы аудан аумағындағы заңсыз қоқыс алаңдары жойылып, 35 мыңнан астам тонна қоқыс шығарылған.

Кездесуде Дәрменияр Қыдырбекұлы Мемлекет басшысының бастамасымен «Жайлы мектеп» жобасымен былтыр 6 мектеп салынғанын айтты. Олардың сыйымдылығы – 10600 орын.

«Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» концепциясын іске асыру мақсатында аудан тұрғындарымен тығыз байланыста жұмыс жүргізіліп жатыр. iKomek бірыңғай байланыс орталығы, Telegram, Instagram және WhatsApp желілері арқылы жыл бойы 15 мыңнан астам өтініш қабылданып, олардың 95 пайызы шешілді. Көп жағдайда аудан аумағын аралау кезінде тұрғындар өз сұрақтары мен ұсыныстарын жеткізіп жатады. Сонымен қатар, кері байланысты жақсарту үшін апта сайын халықпен көшпелі кездесулер жасап, азаматтармен жеке қабылдау жүргіземіз» дейді аудан әкімі.

### ОҚУШЫЛАР САРАЙЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Баяндамадан кейін залда микрофондар қосылып, тұрғындардың көптеген сұрағына қала әкімі Жеңіс Қасымбек жауап берді. Жалпы көтерілген мәселелердің дені – тұрғын үй, коммуналдық-шаруашылық және әлеуметтік сұрақтар. Сондай-ақ Есіл ауданына қарасты инженерлік-инфрақұрылымдық жобалар жайы назардан тыс қалмады. Білім мен денсаулық, қоғамдық көлік, газдандыру саласының түйткілді мәселелері сөз болды.

Сұрақ-жауап барысында Жеңіс Қасымбек қалада атқарылған ауқымды жұмыстарға тоқталып, осы жылғы жоспарларымен бөлісті.

«Дәл бір жыл бұрын біз Алматы ауданында жаңа көпірді іске қостық, ол қазір Тәуелсіздік даңғылын қаланың жаңа бөлігімен байланыстырып тұр. Ұлы дала көшесінен тағы 2 көпір жобаланып жатыр, оның бірі жаңа вокзалға шығатын болады. Сонымен қатар, Кенесары көшесі мен Қорғалжын тасжолын қосатын тағы бір көпір жоспарланып отыр. Бұдан басқа, биыл 6 негізгі көшедегі бағдаршамдарды жақсарту бойынша қосымша жұмыстар жүргізіледі, өйткені ол жерде көлік кептелісі жиі байқалып отыр» дейді шаһар басшысы.



Оның айтуынша, биыл елордада 400 жаңа автобус халыққа қызмет көрсетеді. Бұдан бөлек, әкім Оқушылар сарайының құрылысы жайлы айтып өтті.

«Биыл Көктал, Төле би және Қ.Мұхамедханов көшелерінде 3 Оқушылар сарайының құрылысы басталды. Оның барлығы бассейнмен жабдықталады. Өйткені жүзу – маңызды спорт түрі. Сонымен қатар, осы жылы «Қазақстан» спорт кешенінің құрылысын бастаймыз. Ол 2026 жылы толығымен пайдалануға беріледі» деді кездесуде Астана қаласының әкімі.

**БИЫЛ КӨКТАЛ, ТӨЛЕ БИ ЖӘНЕ Қ.МҰХАМЕДХАНОВ КӨШЕЛЕРІНДЕ 3 ОҚУШЫЛАР САРАЙЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ. ОНЫҢ БАРЛЫҒЫ БАССЕЙНМЕН ЖАБДЫҚТАЛАДЫ**

Тұрғындардың бірі 3 жыл бұрын Nova City тұрғын алабында мемлекеттік балабақша салу мәселесі көтерілгенін, бірақ содан бері ештеңе өзгермегеніне қынжылыс білдірді.

«Өткен жылы біз мемлекеттік балабақшаларды салу бағдарламасын бастадық. Қалада 2017 жылдан бері балабақшалар салынған жоқ, бірақ қазір жұмыс жүргізіліп жатыр. 10 жоба іске қосылды, жақын арада ол жерден де балабақша салынады. Мен тексеріп, сіздің ауданыңыз жоспарға енгізілгенін анықтаймын. Біз бұл ұсынысты ескереміз» деп жауап берді Жеңіс Қасымбек.

### ҚОҚЫСҚА ҚАТЫСТЫ КҮРМЕУ ШЕШІЛДІ

Бұдан соң тұрғындар қоқыс жәшіктерінің дұрыс орналаспауы, су мен кәріз жүйесі, жолдан өту қауіпсіздігі туралы да айтты.

Сондай-ақ кездесуде «Шұбар» ауданын газдандыру бойынша сұрақ қойылып, қандай жұмыстар атқарылғанын сұрап білді.

«Өткен жылы қоқыс жинаумен бір компания айналысса, қазір қалада 6 аудан бойынша 4 оператор жұмыс істеп жатыр. Бәсеке артты. Сонымен қатар, мамандандырылған техника саны 2,5 есе көбейіп, ал iKomek жүйесіндегі қоқыс шығару бойынша шағым айтарлықтай азайып келеді. Газдандыру бойынша мердігер анықталды, тиісті жұмыс биыл басталады. Ескеретін жайт, ауданның көп бөлігінде үйлер белгіленген қызыл сызығынан асып кеткен. Сондықтан желілерді жүргізу үшін орын табу қиын. Желілердің бір бөлігін тұрғындармен келісу арқылы жүргіземіз» деді шаһар басшысы.

Одан соң келесі тұрғын қаладағы жұмыс ұсынушылардың ерекше бала тәрбиелеп отырған ананы жұмысқа қабылдауға дайын емес екенін, ыңғайлы жұмыс кестесін ұсынбайтынын айтты.

«Әйелдерге тегін кәсіби білім алуға көмектесетін маңызды жобалардың бірі – Zeket hub жобасы. Қазіргі уақытта біз жобамызды кеңейтпекпіз, ол үшін сізден ғимаратпен қамтуға көмек сұраймыз. Жеке қабылдауға келе аламыз ба?» деді аудан тұрғыны. Бұған Жеңіс Қасымбек кәсіпкерлік бойынша тиісті басқарманың мәселемен тікелей айналысатынын жеткізді.

Жиында «Комфорт-1» коттедж қалашығындағы 3 мәселе сөз болды. Біріншісі – жарықтандыру, екіншісі – жаңбыр суы, үшіншісі – жылу құбыры. Тұрғындардың сөзінше, жылу желілерін қалаға қарасты коммуналдық меншікке беру туралы өтініш қараусыз қалған. Олар сотқа жүгініп, нәтижесінде былтыр экономикалық сот жылу желілерін коммуналдық меншікке беру туралы шешім шығарыпты. Бірақ тұрғындар бұл шешім орындалмауы мүмкін деп алаңдаулы.

Алғашқы сұраққа жауапты басқарма өкілі қалашықтың жабық типте екенін және барлық азаматқа қоғамдық пайдалану орны емес екенін айтып, бірақ көмек болатынын жеткізді. Ал одан кейінгі мәселелерге қала әкімі өз жауабын берді.

«Көктемде канализация еріген қар суларының, жазда жауын-шашынның кесірінен бітеліп қалады. Осы уақытта барлық көше су астында қалып, тұрғындар зардап шегеді. Тиісті басқармаға тапсырма беремін, жағдайды тексерсін, егер жобалық құжаттамада, шынымен, қате болса, жауаптыларға хабарласып, қателікті түзетуге тырысыңыздар. Ал үшінші мәселе бойынша соттың шешімі бар, демек, ол міндетті түрде орындалады. Бұл мәселені бақылауға аламыз» деп түсіндірді Астана қаласының әкімі.



Кездесу соңында қала әкімі Жеңіс Қасымбек Дәрменияр Қыдырбекұлына аудандағы түйінді мәселелер бойынша жұмыс жүргізуді тапсырды, айтылған ұсыныстар мен сұрақтар бойынша тиісті салалық басқарма басшыларына тапсырмалар жүктеді.

# ҚАЙТАРЫЛҒАН ҚАРАЖАТҚА САЛЫНАДЫ

Астанадағы Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы орталық стадионның жаңа ғимараты қайтарылған активтер есебінен бой көтермек. Бұл туралы депутаттық корпустағы әріптестерімен және Құрылыс басқармасының өкілдерімен бірге аталған нысанды аралап, оның қайта жаңғырту жұмысымен танысқан Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден мәлім етті.



– Жаңа стадион қалалық бюджет есебінен емес, қайтарылған активтер арқылы қаржыландырылады. Оған заңсыз алынған мүлікті сату немесе жалға беру арқылы түскен қаражат бағытталады. Бұл қаражат әлеуметтік және экономикалық нысандардың құрылысына жұмсалады. Жаңа стадионның сыйымдылығы – 3600 адам. Нысан екі блоктан тұратын, үстінен металл аркамен біріктірілген жабық ғимарат болады. Қазіргі уақытта мұнда жер жұмыстары мен ескі құрылымдарды демонтаждау толық аяқталды, ал қадаларды қағу 50 пайызға орындалды. Стадионды 2026 жылдың басында пайдалануға беру жоспарлануда, – деді мәслихат төрағасы.

Егер аумағы 15 мың м²-ді алып жатқан нысанның құрылысы белгіленген мерзімде аяқталса, Астана тұрғындары мен қонақтары заманауи, көпфункционалды стадионға қол жеткізбек.

# ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Астана қаласының Полиция департаментінде әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімшесінің құрылған күніне орай салтанатты іс-шара өтті. Оған сала ардагерлері, депутаттар, мүдделі мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес сектор өкілдері қатысты.



Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

1999 жылы ҚР Президенті Жарлығымен ІІМ құрылымында әйелдердің конституциялық құқығын, бостандығы мен заңды мүддесін құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғауды, өмірдің барлық саласында зорлық-зомбылықтың алдын алу мен жолын кесуді қамтамасыз ету мақсатында бөлімше құрылған болатын. Содан бері 26 жыл ішінде кәсіби мереке ретінде аталып өтеді.

– Биыл қаңтар айынан бастап Полиция департаментінде отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімдері кеңейді. Қазір бұл тақырып қоғамда өзекті болғандықтан, атқаратын міндеттеріміз күн сайын көбейіп келеді. Сондықтан бұл іс-шараға осы салада еңбек еткен ардагерлерді шақырып, тәжірибе алмасу арқылы біраз мәселенің шешімін табуға болады, – дейді отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Гүлмира Шрахметова.

Оның айтуынша, өткен жылы елордалықтардан 10000-ға жуық қоңырау келіп түскен. 9300 қорғау нұсқамасы шығарылса, 7400-ге жуық адам әкімшілік жауапқа тартылған. Ал 238 адам дағдарыс орталықтарына орналасты.

«Бізбен бірге қала әкімдігі жанындағы «Үміт» дағдарыс орталығы, «Қорғау Астана» ұйымы, «Аналар үйі» сынды орталықтар жұмыс істейді. Қазіргі таңда отбасы мәселесіне байланысты құқық бұзушылар жазасының қатаңдауына байланысты қоғамда белсенді ақпараттық-түсіндіру жұмысы белсенді жүргізілуде. Халықтың басым көпшілігі отбасы мәселесіне байланысты құқық бұзушыларға қатаң жаза бар екенін біледі» дейді Гүлмира Тілеуғалиқызы.

Жалпы отбасы мәселесіне байланысты құқық бұзушылықтың көбі ішімдікке байланысты туындайды екен. Одан кейін қызғаныштың кесірі, тұрмыстың төмендеуі мен ауыртпалықтар, несиенің көптігі, нашақорлық пен ойынқұмарлыққа салыну, отбасы мәселелеріне туыстарының араласуы.

Қызметкерлердің жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында бөлімшенің жеке құрамдарына отбасы-тұрмыс қатынасы саласындағы заңнаманың жаңа нормаларын қолдану және тұрмыстағы зорлық-зомбылық фактілерін пысықтау кезіндегі іс-қимыл алгоритмі түсіндірілді. Салтанатты іс-шара соңында Астана қаласы Полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Эльдар Данияров осы салаға еңбегі сіңген бір топ азаматты марапаттады.

# ЕҢБЕГІ ЕРЕН ЭНЕРГЕТИКТЕР

Жұмысшы мамандықтар жылында құрметке лайықтылардың бірі – энергетика саласының мамандары. Мұсайыловтар әулеті – елорданың энергетика саласының дамуына үлес қосып жүрген үлгі тұтар еңбек әулеті.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

Отбасы мүшелері білімі мен тәжірибесін қала тұрғындарының жайлылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында жұмсап жүр. Олар өз жұмысында сапа мен сенімнің жоғары деңгейін сақтай отырып, қоғам игілігі үшін жұмыс істеуді жалғастыруда. Отағасы Қайрат Мұсайылов 35 жылдан бері энергетика саласында еңбек етіп келеді. Ол – жедел-көшпелі қызметтің электромонтері, қызметі үшін «ҚЭА құрметті энергетик» атағымен және «ГОЭЛРО-ға 100 жыл» медалімен марапатталған. Оның табандылығы мен кәсібилігі өзгелерге қашанда үлгі болды. Ал зайыбы Аягөз Слямова – 24 жылын энергетика саласына арнаған жан. Қазір ол диспетчерлік оператор болып жұмыс істейді. Оның бұл өнегелі жолын әрі қарай қызы мен ұлдары да жалғастыруда. Бүгінгі таңда отбасы мүшелері энергетика саласында басқаларға үлгі боларлық қызмет істеп келеді.



«Отбасы банкте» «Елорда жастары» тұрғын үй бағдарламасы аясында төлем қабілетін растау рәсімі басталды. Оған «Жұмыс істейтін жастарға сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй» бағдарламасы бойынша келісімшарты 2025 жылдың басында аяқталатын жастар қатыса алады.

# ЖАСТАРҒА ТҰРҒЫН ҮЙ ҰСЫНАДЫ

Төлем қабілетін тексеруге жолдамаларды Тұрғын үй орталығы электрондық және қағаз форматта ұсынады. Электрондық нұсқалар қатысушыларға WhatsApp арқылы көрсетілген телефон нөмірлеріне жіберіледі. Біліктілік алу үшін қажетті құжат берілген сәттен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде жарамды болады. Жолдамасы бар жастарға квалификация алу үшін Р.Қошқарбаев даңғылы, 26; Қ.Мұңайтпасов көшесі, 12А; Мәңгілік ел даңғылы, 27; Бейбітшілік көшесі, 25 мекенжайлары бойынша банк филиалдарына жүгіну қажет. «Елорда жастары» бағдарламасы жастарға жылдық 5 пайыз мөлшерлемемен жеңілдетілген тұрғын үй несиесін ұсынады. Қарыздың ең жоғары сомасы 18 миллион теңгені құрайды, жинақтау мерзіміне қарамастан, тұрғын үйдің нарықтағы құнының 10 пайыз мөлшерінде бастапқы жарна қажет. Несиелеу мерзімі 19 жылға дейін жетуі мүмкін. Бағдарламаға қатысушылардың бастапқы және қайталама нарықта өз тұрғын үйін сатып алу мүмкіндігі бар.

# ҚАР КҮРЕУ ҚАРҚЫНДЫ

Бас қалада қар күреу жұмысы тоқтаусыз жүреді. Коммунальдық қызметтер тәулік бойы күшейтілген режимде жұмыс істеп жатыр. 19 ақпан күні таңертең қар тазалау жұмысына 2557 жол жұмысшысы және 1282 арнайы техника шықты. 19 ақпанға қараған түні елордадан қар полигондарына 24858 текше метр қар 1929 рейспен шығарылды.

Қыс мезгілінің басынан бастап қаладан 487388 ауыр жүк рейсімен 6025262 текше метр қар шығарылды. Ең алдымен, ережеге сәйкес, жолдарда кептеліс болмас үшін қозғалысы өте қарқынды орындар тазартылады. Сондай-ақ қарқыны орташа учаскелер – алаңдар, вокзал маңы аумақтары, тротуарлар, әлеуметтік нысандарға кірме жолдар және т. б. тазартылады. Орталық көшелерді, жолаушылар көлігі маршруттары жүретін орындарды, аялдамаларды тазалау да басымдыққа ие. Қалада бірнеше жабдықталған қар полигоны бар. Олар самосвал техникасының нөмірлік белгілерін оқу жүйесімен жабдықталған, мұнда бейнебақылау камералары орнатылып, жарықтандыру қосылған. Елорда тұрғындары мен қонақтарынан жолда абай болуды, қауіпсіздік ережелерін сақтауды, дауылды ескерту болған жағдайда алыс сапарға шықпауды сұраймыз. Төтенше жағдай туындаған кезде «112» нөміріне хабарласыңыз.




# ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ЖАРНАМАЛАР ӨШІРІЛДІ

Астанада Нұра ауданы әкімдігінің бастамасымен аудандық полиция басқармасы және «Астана жастары» еріктілерінің қолдауымен «Атырау» жаяу жүргіншілер көпірінде вандалдар салған жазулар мен граффитилерді жою бойынша акция өтті. Іс-шара қоғамдық орындарда тәртіпті сақтауға бағытталған.

– Бұл көпір – қаладағы көрнекті орындардың бірі. Сондықтан біз көпірді тыйым салынған жарнамалардан тазарту бойынша үнемі іс-шаралар өткізіп тұрамыз. Жалпы аудан бойынша вандализм актілерін анықтау және оның жолын кесу үшін адамдар көп жиналатын жерлерде жүйелі түрде акциялар мен мониторинг ұйымдастырып отырамыз, – дейді Нұра ауданы әкімдігі ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің бас маманы Руслан Сәбитов.

Еріктілер де мұндай шараларға тұрақты түрде қатысып тұратынын айтады.

– Елордада туристер қызығушылық білдіретін көрікті жерлер көп. Бірақ вандализм әрекеті мұндай жерлерде де кездесіп жатады. Арнайы тазалау құралдарымен көпірдегі жарнамалар мен суреттерді өшірдік. Мұндай акциялар қоғамда тәртіп сақтауға септігін тигізеді деп ойлаймын, – деп атап өтті «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының волонтері Милат Әлімбекова.



# БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ – БАҚЫЛАУДА

Астана қаласы мәслихатының бір топ депутаты елордада балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты бірқатар нысанды аралады. Соның барысында бұл бағыттағы кейбір мәселелерді анықтады. Аталмыш жұмыс енді қалалық мәслихаттың алда өтетін қоғамдық тыңдауында талқыланады.

**Индира БЕРЖАНОВА**

Елордалық мәслихат төрағасы Табиғат Зейнұлқабден бастаған депутаттар тобы алдымен арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығын аралады. Мекемеде 3-18 жас аралығындағы 85 жетім бала тәрбиеленуде. Орталық директоры Индира Нұрмұхамбетованың айтуынша, мұнда, негізінен, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар түседі. Қала халқының өсуіне байланысты орталыққа жүгінетін балалардың саны да артып келеді.

«Елордалық Білім басқармасының бастауымен жаңа ғимарат құрылысы жүргізілмек. Онда асхана, музыка залы, демалыс орны, әкімшілік бөлім, медициналық блок қарастырылады. Сондай-ақ орталықта бүгінде 6 коттедж бар. Оларға да жөндеу жасалмақ. Аталған жұмыстың барлығы биыл аяқталады деп жоспарланып отыр» деді өз сөзінде орталық директоры.

Қалалық мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Кендебай Адамбектің айтуынша, аталмыш нысандағы мәселелер бұған дейін де шешіліп, бүгінде депутаттардың тұрақты бақылауында.

– 20 ақпанда Астана қаласы мәслихатында «Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кешенді тәсілі» тақырыбында қоғамдық тыңдау өтеді. Соның аясында бірқатар нысанды аралап, әлеуметтік мекемелердің жай-күйімен таныстық. Арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығы бейнебақылау жүйесімен толық жабдықталған, бақылау-өткізу пункті қарастырылған. Десе де мекемеге жаңа қоршау керек екенін көрдік. Сол секілді мекемеде орталықтандырылған тамақ дайындайтын орын жоқ. Тек бір жерде ғана асхана қарастырылған. Осы нысандарды аралау барысындағы мақсаттың бірі – балаларымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бөлінген қаражаттың мақсатты пайдалануын бақылау, – деді мәслихат депутаты.

Кейін депутаттар Астана қаласы әкімдігінің Психологиялық қолдау орталығының жұмысымен танысты. Орталық қала деңгейінде білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтардың, ата-аналардың (заңды өкілдердің) психологиялық әл-ауқатын жақсартуға және психологиялық қызметтің бірыңғай жүйесін құруға бағытталады.

– Елордалық Психологиялық қолдау орталығы бірнеше бағытта қызмет атқарады. Олар: білім беру ұйымдарының психологиялық қызметтерінің жұмысын әдістемелік қамтамасыз ету және үйлестіру, оқу процесіне қатысушыларға психологиялық-педагогикалық консультативтік көмек көрсету және қиын өмірлік жағдайдағы балаларға әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету. Орталық мамандары кәмелетке толмаған балаларға ғана емес, сондай-ақ мектеп ұжымына, ата-аналарға да өз көмегін көрсетеді. Апта сайын мамандарымыз мектептерге семинар, тренинг өткізуге барады. Психологиялық қолдау орталығының психолог мамандары әртүрлі психологиялық тақырыптарда кеңес береді. Соның ішінде келушілер, негізінен, балалардың өзіне сенімсіздігі, педагогтар мен өз қатарластары арасындағы қарым-қатынас, ата-ана мен бала арасындағы түсінбеушілік, ажырасудан кейінгі кезеңдегі ата-анамен қарым-қатынас орнату, буллинг мәселесіне қатысты сұрақтар бойынша жүгінеді. Соңғы жарты жылдың ішінде 553 балаға консультациялық көмек берілді, – деді Психологиялық қолдау орталығы мекемесі басшысының орынбасары Марал Ибрагим.

Аталмыш орталық жыл сайын жалпы 500-ге жуық балаға кәсіби көмек көрсетеді. 108 штаттық бірлігі бар мекемеде тәулік бойы психологиялық көмек көрсету телефонын ұйымдастыру ұсынылып, өзге де мәселелер ортаға салынды.

Сондай-ақ депутаттар психоневрологиялық патологиясы бар, стационар және жартылай стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуді қажет ететін 3-тен 18 жасқа дейінгі мүгедек балалардың тәулік бойы тұрақты немесе уақытша тұруына арналған «Нұрлы жүрек» және «Жансая» әлеуметтік қызмет көрсету орталықтары және отбасында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған, қатыгездікке тап болған жандарға арнайы әлеуметтік көмек көрсететін «Үміт» дағдарыс орталығының жұмысымен танысып, нысандардағы мәселелерді бақылауға алды.





Сұлтан СЕЙІТ

# ТИІМДІЛІК ПЕН КӘСІБИЛІККЕ ҚАДАМ

Мемлекеттік қызмет – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен тұрақтылығының басты тірегі, кез келген елдің дамуындағы басты институттардың бірі. Ол қоғам мен билік арасындағы байланысты қамтамасыз етіп, мемлекеттік саясаттың жүзеге асуын ұйымдастырады.



Елімізде мемлекеттік қызметті жетілдіру және оны заман талабына сай дамыту үшін жүйелі реформалар жүзеге асып келеді. Осы мақсатта қабылданған Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртып, қызметкерлердің кәсіби деңгейін көтеруді және олардың әлеуметтік жағдайын жақсартуды көздейді.

Қазақстан Республикасының қызметін реформалау ашықтық, тиімділік, кәсібилік қағидаттарына негізделген. Жаңа тұжырымдама аясында мемлекеттік қызметке қабылдау жүйесін жетілдіру мақсатында кадрларды ашық және әділ конкурстық іріктеу, жас мамандарды мемлекеттік қызметке тарту үшін жаңа бағдарламаларды енгізу, мемлекеттік қызметке қабылдау үдерісін цифрландыру сияқты жаңашылдықтар орын алды.

Қалыптасқан жағдайға жауап ретінде «Е-қызмет» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесінің сыртқы порталы арқылы процесті цифрландыру іріктеуге қашықтан қатысуға мүмкіндік бере отырып, адами факторды барынша азайтып, мемлекеттік қызмет тартымдылығының артуына әсерін тигізді.

Жаңа іріктеу жүйесіне көшкеннен бері Астана қаласының жергілікті атқарушы органдарында 2024 жылдың қорытындысымен жалпы конкурс бойынша 1-орынға 11,7 (2023 ж. – 8,6) кандидат қатысып, ұқсас кезеңмен салыстырғанда олардың үлесі 3,1 адамға артып, мемлекеттік қызмет жүйесінің ашықтығын көрсетті.

Қазіргі әлемде мемлекеттік және жеке секторлар үшін басым міндетке айналған адам ақыл-ойы мен таланттарды іздеу үшін күрес белсенді дамып келеді. Бәсекелестіктің қалыптасқан шарттары аудандық және ауылдық деңгейдегі мемлекеттік органдардың төменгі лауазымдарына жоғары оқу орындарының үздік түлектерін конкурстан тыс тағайындалуына мүмкіндік берді.

Дарынды жастарға «әлеуметтік лифт» қамтамасыз ете отырып, таланттарды басқарудағы негізгі бағыттардың біріне айналған Президенттік жастар кадр резервін құру, жас басқарушылардың өңірлік пулдарын қалыптастыру және өңірлерді дамытуға талантты жастарды тарту мақсатында өткен өңірлік кадр резерві – осының дәлелі.

Тұжырымдаманы іске асыру шеңберінде жаңадан әзірленетін «Мемлекеттік қызмет туралы» заң мемлекеттік қызметтің миссиясын, міндеттері мен талаптарын жаңаша айқындайды. Бұл заң мемлекеттік қызметке кіру, оны өткерумен ғана шектелмей, мемлекеттік қызметшілер мен халық арасындағы қатынастарды үйлестіруге ықпал ететіні сөзсіз.

Осы бағытта қабылданып жатқан барлық заңнамалық өзгеріс – еліміздегі мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған маңызды қадам. Бұл реформалар мемлекеттік қызметке білікті мамандарды тартуға, олардың кәсіби деңгейін көтеруге және жұмыс жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде мемлекеттік аппараттың тиімділігі артып, халыққа көрсетілетін қызмет сапасы жоғарылайды.

Мемлекеттік қызмет дамуы – ел өркендеуінің кепілі. Сондықтан бұл саладағы реформалар қоғам үшін де, мемлекет болашағы үшін де стратегиялық маңызға ие. Оның жүзеге асуы қоғам мен мемлекеттің өзара сенімін нығайтып, елдің тұрақты дамуына серпін берері анық.

**Мақсат МУСИН,**
**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы**

# ЖАҢА ЗАМАННЫҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылды Жұмысшы мамандықтар жылы деп атады. Қазір – нарық заманы. Ортақ еш дүние жоқ. Дамыған елдер осы тәртіппен өмір сүріп, ойға келмейтін фантастикалық істерге қол жеткізіп жатыр.

Соларға қарап «шіркін, бізде неге солай болмай тұр?!» деп ойлайсың. Бізге де сондай технология, жұмыс қатынасы кірсе екен деп армандайсың. Дегенмен жаңа технологияны басшылыққа алып, жұмыс жүргізіп жатқан жастар жоқ емес. Мәселен, Астана қаласында Ноян Раптаев деген азамат басқаратын «Қарағанды сервис» деп аталатын шағын кәсіпорында қазіргі заманғы технологиялармен жұмыс жүргізу қолға алынған. Бұл кәсіпорынның филиалдары Қарағанды және Ақтау қалаларында жұмыс істейді. Негізі, бұл кәсіпорын жапон автомашиналарын жөндеумен айналысады және де жай бұзып, тас-талқан қылып шашып, қайта жинау ғана емес. Келген көлікті алдымен компьютерлік томографиядан өткізеді. Сосын көлік иесімен келісе отырып, ең оптималды жолмен жөндеу немесе айырбастау ісін жүргізеді. Ең бастысы, жөнделген немесе айырбастап салынған сайман сол көлікке дәл, зауыттан шыққанмен бірдей болады. Бұл тәртіп – бекітілген қағида. Одан ешуақытта таймайды. Оған мысалды ризашылыққа толы чат хабарларынан көруге болады.

Осындай жауапты жұмыс жасай отырып, ұжым басшысы жұмыс орнын жаңарту, жаңа технология кіргізуді тоқтатпайды. Былтыр жаңадан 5 орындық техникалық жөндеу орталығы іске қосылды. Бұл жұмыс орны қалалық коммуникацияларға қосылған, іші жылы, кең, автоматикасы мүлтіксіз істеп тұрады. Осы ұжымды тиімді басқарып отырған Ноян Ақжолтайұлының қолынан компьютер түспейді. 2003-2008 жылдары «Тойота» орталығында жұмыс істеп, білігі туралы сертификат алған. Екі жоғары оқу орнын тәмамдаған. Ал осы ұжымда қолынан құрал-сайманы түспейтін жұмысшылар келген адамдармен өте мәдениетті, кішіпейіл. Осындай ширақ жұмыс істейтін мекемелер молайса, жастарымыз оларға тартылса... Экономиканың алға басуы осындай ұжымдардан құралады.

**Бейсембек ӘЛКЕНОВ,**
**Астана қаласының тұрғыны, кәсіпкер**



№20 (4764) 20/02/2025 Бейсенбі



Ержан ҚОЖАС

# МАЛСАҚ ҚАЗАҚ МАЛ ТЕРІСІН ДАЛАҒА НЕГЕ ТАСТАЙДЫ?

**Ауыл шаруашылығы министрлігінің дерегіне сенсек, елде теріні бастапқы өңдейтін 9 кәсіпорын бар. Өңдеуші кәсіпорындардың қуаты 3,3 млн ірі қара және 4 млн дана ұсақ мал терісін өңдеуге жетеді-міс. Ал тері кәсібіне қатысы бар мамандар елде тіркелген 9 өндіріс орнының барлығы дерлік жұмыс істейтініне сенбейді. Олардың айтуынша, бірі тоқтап тұр, енді бірінің жұмысы шала-жансар.**

### ӨҢДЕЛГЕНІ 8% ҒАНА БОЛСА...

2023 жылдың қорытындысымен біздің елде 2 млн 548,5 мың ірі қара терісі өндірілген. Оның 8%-ы (208,3 мың) қайта өңдеуге жіберілсе, 13,7%-ы (349,6 мың) Ресей, Түркия, Қырғызстан және Нигерияға экспортталған. Ал Ресейден 4,5 мың тері бізге импортталған. Өндірілген терінің 78%-ы (1 млн 997,1) – өңделмеген қалдық. Осылайша 8% ірі қара терісі өңделсе, біздегі шикізат көлемінің өңдеу мен өткізуден анағұрлым жоғары екенін біліп отырсыз.

«Тері өңдеу саласының дамуын тежеп тұрған себептерге келсек, оларға кәсіпорындардың айналым қаражатының тапшылығы, өндірілген өнімді өткізу нарықтарының шектеулігі, сапалы шикізаттың жеткіліксіздігі жатады. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді дамыту жөніндегі 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспарда тері өңдеуші кәсіпорындарға шикізатпен қамтамасыз ету мақсатында 200-ден астам мал терісін дайындайтын әрі жинайтын пунктер ашу және мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіру қарастырылған. Одан бөлек, кешенді жоспар аясында теріні тереңдете өңдеу бойынша инвестиция жобаларын жүзеге асыру көзелген және оны ынталандыру үшін жаңа кәсіпорындарды салу, сондай-ақ жұмыс істеп тұрғандарын жаңғырту кезінде мал терісін өңдеу кәсіпорындарының шығынын өтеу көзделген. Инвестициялық салымның өтеу үлесі – 25%» дейді салалық министрлік өз ақпаратында.

Бұдан басқа кешенді жоспар бойынша қайта өңдеуші кәсіпорындарға (соның ішінде теріні өңдеуші) негізгі және айналым қаражатты толықтыру үшін жеңілдетілген несие беру қарастырылған. Бұл тері-жүн өңдеу кәсіпорындарының жұмысына оң ықпалын тигізіп, негізгі мәселелерді шешуге мүмкіндік бермек.

### ДАМУ ҮШІН ДЕМЕУ КЕРЕК

Бір белгілісі, салаға қатысты өндіріс ошақтары мен кәсіпкерлерге дем беру үшін 2012 жылы былғары шикізаты мен үлбірін қайта өңдеушілер қауымдастығы құрылған еді. Басты мақсат отандық тері өңдеу зауыттарын қажетті шикізат көлемімен қамту болатын.

«Қауымдастық құрыла салысымен мемлекеттік органдармен бірлесіп, елдегі өңделмеген ірі қара мал терісін экспорттаудың «сұр схемаларын» анықтау және экспорттауға шектеу енгізу бойынша жұмыс жүргізді. Сондай-ақ республика бойынша Үкіметке тері өнеркәсібін дамыту бойынша ұсыныстарын айтып отырды. Мысалы, соның бірі – сол кездегі Инвестициялар және даму министрлігі арқылы 2016 жылдың қарашасынан 2017 жылдың сәуіріне дейін алты айға шикізатты елден тысқары жерлерге әкетуге тыйым салуды енгіздік. 2019 жылдың екінші жартыжылдығынан басталған әлемдік былғары нарығындағы дағдарыс, одан кейінгі пандемия қауымдастықтың ғана емес, елдегі барлық тері өңдеу зауытының жұмысын толығымен тоқтатты десек болады» дейді қауымдастық төрағасы Нұрман Нұптекеев.

Оның айтуынша, зауыт пен шағын цехтың көпшілігі кеңес заманында былғары аяқ киім тігу өнеркәсібі өте жақсы дамыған Тараз бен Семей қаласында орналасқан. Ол уақытта ірі ет комбинаттарының жанында да тері өңдеу зауыттары, аяқ киім фабрикалары болғаны белгілі. Семей, Жамбыл, Петропавл зауыттарын осыған мысал етсек болады. Қазір оларға Үкімет тарапынан демеу көрсетілсе, болашағы зор. Өйткені тері бағасының құлдырауына байланысты бұлардың көпшілігі несиеге белшеден батып, жұмысы тұралаған. Қауымдастық мүшелері де тек мемлекет қолдауы болмаса, басқа қауқар қалмағанын айтып, жылда дабыл қағып келеді.

Олардың сөзінше, 3,3 миллион халқы бар Моңғолияда заманауи 34 былғары зауыты мен цехы, яғни әрбір 100 мың адамға 1 фабрикадан келеді. Ал орта есеппен 20 миллионға жуық халқы бар Қазақстанда кем дегенде 180-200 тері өңдеу зауыты мен цех болуы керек. Осыған қарап еліміздегі тері өнеркәсібінің даму деңгейін бағалауға болады. Қазір ірі қара мен ұсақ мал терісін өңдеуде Өзбекстан, Ресей ғана емес, жоғарыда аталған Моңғолиямен де бәсекелес бола алмайтынымыз рас.

Мамандардан білгеніміздей, жалпы теріні өңдеу үш сатыдан тұрады екен. Біріншісі «wet-blue» деп аталады. Бұл – 30-35 пайыз өңделген тері, ауызекі тілде «көк тері» дейді. Екіншісі – «crust». Бұл – 65-70 пайыз жартылай өңделген фабрикат. Соңғысы – «finish», яғни 100 пайыз өңделген былғары. Айтпақшы, бұрын тері зауытқа келем дегенше Ауыл шаруашылығы министрлігі құзыретіне жатса, өңдеуге тиіс шикізатты қадағалаушы орган сол уақытта Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі болыпты. Сондай-ақ шикізат зауытқа келем дегенше түрлі ветеринарлық тексерістен өтетіні анық.

Қазір елде 100 пайыз былғары шығаратын өндірістер бар. Бірі Алматыда болса, енді бірі Шымкентте орналасқан. Бұған Семейдегі тері-былғары зауытын қоссақ болады. Өзге қалаларда кәсіпорындар жоқ емес, бірақ олар қаржыға байланысты жұмысын тоқтатып тұр.

### ЖАУАБЫ БОЛСА ДА ЖАУАПСЫЗ СҰРАҚ

Қазақтың төрт түлігінің терісі экспортқа кейде жарамды, кейде жарамсыз. Мамандар пікірінше, мұндағы басты себеп – біз малды көбейтіп баққанымызбен, оның шын жағдайына аса мән бермейтініміз. Оған жем-шөбін беру, жылы қорада ұстау, ветеринар көмегі, уақытылы дәрі-дәрмек, түрлі витамин егу, бір сөзбен айтқанда, адамша күтім жасау арқылы сапалы теріге қол жеткізеді екенбіз. Ауылдағы ағайын мұның бәрін істей қоя ма екен? «Далада жүретін малдың несібесі далада болар». Осылай қол сілтейтініміз рас.

«Егер мал күйлі әрі аурудан ада болса, одан сапалы тері алынады. Екінші фактор – сою немесе теріні іреу. Бізде көбінекөп қолдан сойылады. Дәл осы процесте теріні зақымдайтындар көп. Бұл ауылдағы қазақта ғана емес, үлкен ет комбинаттарында да кездеседі. Сондықтан біз мұндай орындарға барып, бүлінбеген терінің бағасы да қомақты болатынын қасапшыларға ылғи айтамыз. Шикізатты да қабылдайтын кезде осыған жіті назар аударуға тура келеді. Жалпы жақсы терінің қалыңдығы 1,8-2 мм болады. Мысалы, солтүстік өңірлерден жиналған терінің 30 пайызы ғана былғары болуға жарамды. Өйткені ол – даладағы мал. Ал мына Түркістан, Жамбыл, Алматы облысындағы қолда әрі бордақыдағы ірі қараның, оның ішіндегі бұқаның терісі одан жақсы. Одан 70 пайызға дейін былғары өңдеуге болады» дейді саладағы жеке кәсіпкер Самат Сейілханов.

Қытай нарығында біздің терілер «орта және төмен» деп бағаланады. Сонда сапасы төмен терілер далада қала ма? Саматтың сөзінше, мұндай екінші сорттағы шикізат «желатин» немесе «протеин» (белок) өндіретін кәсіпорындарға кетеді. Ал мұндай кәсіпорындар Қазақстанда жоқ, барлығы шет мемлекеттерде орналасқан. Ал қазір заңдылығымен ресейлік, түрік және өзбек компанияларына шикі күйінде сатылатын сол ірі қара терісі бізге дайын аяқ киім, өнім болып оралып, одан 10-15 есе қымбатқа сатылады. Соңында кім жеңеді? Жауабы белгілі болса да жауапсыз сұрақ – бұл.

### ҰТЫЛМАУ ҮШІН ҰСЫНЫС АЙТСАҚ...

Біздегі басты қателік – мемлекетті органдар мен шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы өзара іс-қимыл мен үйлестіру жұмысының жоғы немесе аздығы. Сарапшылар пікірі осындай.

«Біріншіден, тері өнеркәсібін алға жылжыту үшін отандық ғалымдар, мүдделі органдардың мамандары мен кәсіпкерлерді тарта отырып жұмыс тобын құру қажет. Бұған былғары өнімін тұтынатын өкілдерді де қосқан абзал. Екіншіден, мал терісін республикадан тысқары жерлерге шығаруға тыйым салуды бұрынғы күшінде қалдырғаны дұрыс. Үшіншіден, былғары өндіруге арналған техниканы лизингке беру мәселесі. Өйткені қазір олардың 60 пайыздан астамы тозған. Көбі кеңес дәуірінен келе жатыр. Төртіншіден, тері өңдеуге ең қажетті нәрсе – химиялық заттар қоймасы. Зауыттарда 3-6 айлық қоры бар химиялық заттардың жеткілікті қоры қоймада болуы қажет. Бесіншіден, былғары өнеркәсібінің бірқатар экспорттық тауарын субсидиялап, жеңілдетілген несие берсе деген тілек бар. Алтыншыдан, шикізат сатып алуды ұйымдастыру. Жасыратыны жоқ, зауыттар шикізатты сатып алу кезінде ол туралы құжаттың, оның ішінде ветеринариялық сертификат, сынақ хаттамалары және т. б. болмауы туралы мәселеге көп кездеседі. Соңғысы – жеңіл өнеркәсіп салаларына қатысты дара комитеттің болғаны дұрыс» дейді қауымдастық төрағасы.

**РАСЫМЕН, ХАЛЫҚ ӨСІРІП ОТЫРҒАН МАЛЫНЫҢ ТЕРІСІН ҚАЖЕТКЕ ЖАРАТҚЫСЫ КЕЛЕДІ. ДАЛАДА ҚАЛҒАНЫН ҚАЛАМАЙДЫ. БІРАҚ АМАЛ ЖОҚ, ТЕРІНІ ЛАҚТЫРАДЫ. БҰЛ, АЙНАЛЫП КЕЛГЕНДЕ, ТҮРЛІ АУРУ ОШАҒЫН ТУДЫРУҒА СЕБЕП, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛДЫ ҚИЫНДАТАДЫ. АЛ МЕМЛЕКЕТТІҢ ТИІСТІ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ТАРТЫП, ҚАЖЕТТІ ШИКІЗАТТЫ ӨҢДЕУГЕ ҚОЛДАУ БІЛДІРМЕУІ – БӨЛЕК ӘҢГІМЕ**

Мәжіліс депутаты, «Ауыл» партиясы фракциясының мүшесі Анас Баққожаевтың пікірінше, мұндағы басты мәселе – Үкімет қолдауының жеткіліксіздігі.

«Біз осы мәселені екіге бөліп қарастырайықшы. Біріншісі – халықтың теріге көзқарасы, екіншісі – Үкіметтің бұл салаға деген қатынасы. Расымен, халық өсіріп отырған малының терісін қажетке жаратқысы келеді. Далада қалғанын қаламайды. Бірақ амал жоқ, теріні лақтырады. Бұл, айналып келгенде, түрлі ауру ошағын тудыруға себеп, экологиялық ахуалды қиындатады. Ал мемлекеттің тиісті инфрақұрылым тартып, қажетті шикізатты өңдеуге қолдау білдірмеуі – бөлек әңгіме» дейді депутат.

Оның сөзінше, мемлекет тері өңдеуге қауқарсыз болса, онда утилизация жағын қарастыру қажет. Мұндағы мақсат – халықтың сойған малының терісін бекітілген бағамен сатып алып, арнайы өртеу орнында өз талаптарын сақтай отырып жою. Жергілікті әкімдіктер осындай жұмысты қолға алғаны дұрыс. Тұрғындар да осыған үйренер еді.

«Расы сол, елдегі барлық тері өңдейтін зауыттың көп мәселесі кезінде шешілмеді. Айтылды, айтылды, аяғы сұйықталып кетті. Көп кәсіпорын қарызға батты, ондағы құрылғылар да ескірді. Айналым қаржысына қолдау мүлде болмады. Арнайы жеңілдікпен салықтан босату жағы да қарастырылмады. Осындай мәселелерді қайта қарастыра отырып, арзан, мейлі нөл пайызбен несие беру жағын ойластырсақ, әлі де өз жемісін беретін тері-былғары комбинаттары елде бар. Жұмыс жүргізуге әлі кеш емес. Дұрысы, мемлекет тері саласына барынша өзі кіріспей, жеңіл өнеркәсіптің жолы бола қоймас» дейді Анас Ахатұлы.

Бір анық нәрсе, елдегі тері өнеркәсібіне тірек болатын арнайы бағдарлама керек. Дұрысы, отандық жеңіл өнеркәсіпті дамыту. Сала мамандарының да жоғарыда айтқан «желатин» немесе «протеин» шығаратын зауытты өзімізде салып, оған арнайы маман даярлауды айтып келе жатқанына көп болды. Былғарыға жарамдысы өз алдына, сапасы төмен теріні де жерге көмудің қажеті болмай қалады. Сонда ғана мал терісі далада жатпасы анық.

Журналистиканың сан қырына құлаш сермеп, соның бәрін игеретіндер кемде кем. Сөзінің мығым, ойының өткірлігімен сараптамалық хабар жасау шебері ретінде танылған журналистика жүйрігінің бірі – Мақат Кәбірұлы Садық. Суфлерден қарап жатқа оқитын құр диктор емес, өзі «7 күн», «Апта», «Үш анық» секілді сараптамалық апталық шолу хабарларының авторы ретінде тележурналистердің түрлі тақырыптарға тереңдей алатындығын дәлелдеген белгілі журналист күні кеше алпыс деген асуды бағындырды.

Райхан
РАХМЕТОВА

# ЖУРНАЛИСТИКА ЖҮЙРІГІ



Мақат Садық қызметін 1989 жылы Қазақ радиосында тілші болып бастағанымен, көгілдір экрандағы сараптамалық хабарларымен көпшілікке кеңінен танылды. Алғашқы талдамалық-сараптамалық «7 күн» бағдарламасының авторы ретінде елдік мүддені жоғары қойды. Оның стилистикасындағы басты ерекшелік – өткір тілімен, мәнерлі сөзімен елдегі жағдайды әлемдегі оқиғалармен салыстыра сипаттап, сараптауы. Адамзаттың Абайы шыққан қасиетті өлкеде кіндік қаны тамған ол өзге де қалам ұстаған замандастары секілді бала кезден қазақ, орыс, әлем әдебиетін сүйіп оқыды, салыстыра сипаттау оның бойында сол кезде қалыптасты.

ҚазМУ-дың журналистика факультетінен түлеп ұшқан, бойда білім, ойда тың идеялары мол жас та қарымды маман тәуелсіз Қазақстан телевизиясы құрылып жатқан кезде Қазақ телевизиясында бағдарламалар жетекшісіне тағайындалды. 1995 жылы «Хабар» агенттігінде редактор, комментатор, «7 күн» бағдарламасының авторы, жүргізушісі болды. Екі жылдан кейін «Хабардың» атқарушы продюсері, Астанадағы филиалының жетекшісі қызметі оған сеніп тапсырылды. Тағы екі жылды артқа тастап «Қазақстан» телеарнасында ақпараттық бағдарламалардың бас редакторы, «Үш анық» ақпараттық бағдарламасының жүргізушісі болды. 2000-2005 жылдары «Қазақстан Президенті Телерадиокешенінің» бас директоры қызметін атқарды. ҚР Ақпарат және мәдениет министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті төрағасының орынбасары, Сенат баспасөз қызметінің жетекшісі, Сенат төрағасының кеңесшісі. «Қазақстан» РТРК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары, ақпараттық-сараптамалық бағдарламалар дирекциясының директоры, Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары, «Қазақстан» РТРК» АҚ «Астана» радиосының директоры болып еңбек етті. Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының, «Алтын жұлдыз» сыйлығының, Қазақстан Президенті грантының иегері атанды.

### ДЕРЕКТІ ФИЛЬМГЕ ДЕ ДЕН ҚОЙДЫ

Шығармашылық жолы тек журналистикамен шектелмей, деректі кино өнерінде де жалғасын тапты. Жүзден астам деректі фильмнің авторы ретінде ұлттық тарихымызды, мәдениетімізді, рухани мұрамызды экран тілімен сөйлетіп, көрерменге ой салды. Бұл тәжірибесін ол «Деректі фильмнен үлкен киноға дейін» кітабында кеңінен толғап жазады. 2000-2005 жылдары ҚР Президенті Телерадиокешенін басқарған уақытта республикамызда 10-15 телефильм жасалатын болса, қазір жыл сайын бір мыңға жуық деректі фильм түсіріледі. Осы саладағы еңбегі лайықты бағаланып, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері атағына ие болды. 2011-2017 жылдары Қазақ радиоларын басқарған кезінде Қазақ радиосы мен «Шалқар» радиосын толықтай өзін-өзі қаржыландыруға қол жеткізді. Қазақ радиосының мәртебесі өсіп, халықаралық бірнеше марапатқа ие болды. Осы жетістіктер еліміздегі радио саласының жаңаша дамуына серпін берді. Еңбегі еленіп, қазақстандық FM радиоиндустриясын дамытуға қосқан ерекше үлесі үшін «Аңыз – Легенда FM» арнайы атағы берілді. Өзінің айтуынша, сапалы дүние жасау үшін әр деректі фильмнің еш жерде айтылмаған бір жаңалығы болуы керек.

> Шығармашылық жолы тек журналистикамен шектелмей, деректі кино өнерінде де жалғасын тапты. Жүзден астам деректі фильмнің авторы ретінде ұлттық тарихымызды, мәдениетімізді, рухани мұрамызды экран тілімен сөйлетіп, көрерменге ой салды. Бұл тәжірибесін ол «Деректі фильмнен үлкен киноға дейін» кітабында кеңінен толғап жазады

### КӨПКЕ ҚҰРМЕТТІ, ШӘКІРТКЕ СЫЙЛЫ

Халықаралық телевидение және радио академиясының академигі Мақат Садық туралы үзеңгілес әріптестері мен өзі журналистикаға баулыған, соңынан ерген шәкірттері де үнемі жылы лебізін білдіріп жүреді. Солардың бірі, Qazaqstan ұлттық арнасының «Апта» сараптамалық бағдарламасының жетекшісі Жайна Сламбек оның ізденімпаздығын ерекше бағалайды.

– Мақат Садық – елгезек журналист. Эфирге әлі күнге дейін шығуының өзі – соның дәлелі. Бұл оңай емес. Ұзақ дистанцияға жүгіре алатын марафоншы сөйтеді. Екіншіден, «тәжірибем мол» деп тоқмейілсімейтін маман. Сұрақ қойып, үнемі ізденіп жүреді. Қоғам, мемлекет дамуына бейжай қарамайды. Әрине, кез келген азамат, оның ішінде журналист бұл тақырып бойынша бойкүйездік танытпайды дерсіз. Дегенмен кез келген мәселеге «осы жер көктесін, осы ел өркендесін!» дейтін тұрғыдан қарауды «ұмытып кететіндер» аз емес. «7 күн» бағдарламасының тізгінін ұстағанда мен сияқты университетті жаңа бітіріп келген мамандарға сараптамалық материал жасауды сеніп тапсыратын. Ондай сенімнің салмағы да, сенім артылған адамның қадамын әрі қарай сенімді басуына ықпалы да зор болған, – дейді ол.

Танымал жазушы, мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығы және «Айбоз» ұлттық сыйлығының лауреаты, әрі досы Айгүл Кемелбаева оның қызметі өссе де, мінезі өзгермейтін абзал жан екенін айтады.

– Мәскеудің ең таңдаулы институтын бітіріп келсем де, дұрыс жұмыс бұйырмай, қаламақы жаппай жоғалған өліара кезде, артық адамдай күй кешіп жүр едім. Мақат міне, осы уақытта адамды бағалай алатын көрегендігін танытты. Мені өзінің зайыбы Пәтима Төрәліқызымен таныстырды. Ол мені бір жұмысқа кіргізді. Меніңше, бізге жақсы адамдарды Құдай жолықтырады. Мен үшін Мақат сондай жан, – дейді жазушы.

Артынан ерген әріптес інілерінің бірі, тележүргізуші, журналист Еркін Байғабылұлы Мақат ағасын мықты журналист қана емес, білікті менеджер ретінде бағалайтынын жеткізді.

– Жаңадан ашылған «7 күн» бағдарламасы сол кезеңдегі ең рейтингі жоғары сараптамалық бағдарламаға айналып, көрермен көңілінен шықты. Жобаның авторы, жетекшісі әрі жүргізушісі ретінде Мәкең сюжет жасайтын журналистерден жаңашылдықты талап ететін. Кез келген тақырыпты бүге-шігесіне дейін үңгіп зерттеуге назар аударатын. Көтерілген мәселелерді министрліктер мен облыстық әкімдіктер бірден шешуге тырысатын. Бағдарламаның әр санында тек саяси-экономикалық тақырыптар ғана емес, өткір әлеуметтік, қоғамдық және рухани мәселелерді де көтеруге ерекше мән берді. «7 күннің» осы кезеңдегі тағы бір жаңалығы – облыс әкімдерінің рейтингін жариялап отыруы болды. Бұл рейтинг облыс әкімдерінің атқарып жатқан оң жұмыстары мен кемшін кеткен тұстарын саралауға мүмкіндік берді. Мәкең «7 күнге» алғаш майталман газет-журналистерін тартып, мәтіндердің түрлене түсуіне де ықпал етті. «Егемен Қазақстанның» серке журналистерінің бірі Қайнар Олжай ағамыз бағдарламаның бас редакторы әрі сарапшысы болып, телевизиялық мәтіндердің бояуын қанық ете түсті. Қазақ радиосының директоры болған тұста қара шаңырақтың барлық еліміздегі радиолар арасындағы рейтингін жоғары деңгейге көтерді. Іскер басшы «Алтын қордағы» інжу-маржандарымызды рухани танымдық өнім ретінде дискі флеш жады түрінде тыңдарманға жеткізу тетіктерін іске қосты. Шетелдегі қандастарымыз арасында бұл өнім үлкен сұранысқа ие болды, – дейді Е.Байғабылұлы.

«Хабар» телеарнасы «7 күн» бағдарламасының бүгінгі жетекшісі Жігер Сәрсен, Мақат Садық бастаған сара жолды абыроймен жалғастыру мүмкіндігіне ие болғанын үлкен мәртебе санайды.

– Мақат ағамыз – біраз жыл мемлекеттік қызметтің де мектебін көрген тәжірибелі маман. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі елең-алаң шақта биліктің айналасында жүрген талай тау тұлғадан сүбелі сұқбаттар алып, тіпті кейбірімен қызметтес болған сәттердегі ерекше оқиғаларды Мақат Кәбірұлы аңыз қылып айта қалғанда, қасында тек құлағыңды тосып тұра бергің келеді. Ондай мезеттер де болып тұрады. Себебі Мақат ағамен бүгінде «Хабардың» үлкен шаңырағы астында қызмет етіп жатырмыз. Әріптес аға-бауыр ретінде жиі көрісіп, шүйіркелесіп тұрамыз. Ақыл-кеңестерін тыңдаймыз. Қазір ол жүргізетін «Көзқарас» бағдарламасы арнамыздағы өзіндік көрермені бар, қаралымы жоғары өнімдер қатарында тұр, – дейді ол.

### ӨМІРІН МӘНДІ ЕТКЕН МАМАНДЫҚ

Мерейтойы қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мақат Садықты арнайы құттықтап, жылы лебізін білдірді. «Өзіңізді замандастарыңыз кәсіби біліктілігі жоғары журналист, іскер азамат ретінде жақсы біледі. Еңбек жолыңызда отандық медиа саласының дамуына жан-жақты атсалыстыңыз. «Қазақстан» ұлттық арнасы мен «Хабар» агенттігінде жемісті жұмыс атқарып, өзекті тақырыптарды көтерген тележүргізуші болып танылдыңыз. Өзіңіз дайындаған ақпараттық-сараптамалық бағдарламалар көрермен тарапынан жоғары бағасын алды. Мемлекеттік қызметте жауапты істерді атқарып, билік пен халық арасындағы байланыстың нығая түсуіне үлес қосып, сенім үдесінен шыға білдіңіз» деп Президент журналиске шығармашылық табыс тілеген.

– Болмысымнан мемлекетшіл журналист болдым, бірақ мемлекетшіл болу бәрін жаппай мақтау деген сөз емес. Отыз жасымда ақпараттық-сараптамалық бағдарламаны жүргіздім. Біздің сыннан кейін бір облыс әкімі орнынан кетті. Содан әкімдердің, биліктің бәрі хабарымызды қарайтын болды. Әр журналистің өз стилі, ерекшелігі болуы керек. Оларды түзей берсең де өзіндік қолтаңбасы қалыптаспайды. Қазір мемлекет тарапынан қолдау өте жоғары. Пәтер беріп жатыр. Жалақысы көтерілді. Журналистік зерттеуді дамыту үшін тек осы салада өз алдына бөлек жұмыс істейтін журналистерді көбейту керек шығар. Олардың іссапарлары, зерттеулеріне қаржы қажет. Журналистерге «зерттеме» деп ешкім айтып жатқан жоқ, зерттесе ешкім қолынан қақпайды. Бас редактор 10 пайыз ғана тапсырма бере алады, қалғаны өзінің ізденісіне байланысты. Журналиссің бе, сен қоғамда алғы шепте жүруің керек. Қазір журналистика саласы нағыз қан майданның ортасына айналды. Дүниежүзіндегі қай медианы алмаңыз, кейінгі жылдары журналистика толық өзгеріске ұшырады. Насихат барлық жерде, барлық елде өрлеп тұр. Журналистика принципі насихат жетегінде кетті. Біздің ғасыр қарама-қайшылықтарға толы. Әркім өз жолын ақиқат санайды. Соғыста қолданатын айла-тәсілдердің барлығы да журналистикаға келді, – деп толғайды Мақат Садық.

Бүгінде «Хабар» агенттігіндегі «Көзқарас» бағдарламасы арқылы халқымыздың аяулы ақын-жазушыларын, ойлы азаматтарын елмен қауыштырып, Мемлекет басшысы алға қойған «Әділетті Қазақстан» қағидаттарын жан-жақты талқылап, халыққа ой салуда. «Айтылған сөз, атылған оқ» дегендей, өзінің журналистік принциптеріне адал болды, сондықтан ештеңеге өкінбейді. Өйткені тағдырын айқындаған журналистика – оның өмір тағылымы.

# МӘДЕНИ ОРТАЛЫҚ АШЫЛДЫ

Астанада Art qalqa мәдениет саласындағы әйелдерді қолдау орталығының тұсаукесері өтті.



Орталықтың алғашқы іс-шарасы – суретші Әсемгүл Жанахметованың «Әлем – әйел жанарында» көрмесі. Суретші туындылары қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен заманауи сурет өнері элементтерін тоғыстырады.

Іс-шара шығармашылық саласындағы әйелдерді – жазушыларды, суретшілерді, музыканттарды, әртістерді және бизнес, Үкімет, Парламент, елшіліктер мен республикалық, халықаралық ұйым өкілдерін бір шаңырақ астына жинады.

Қазақстандағы Ұлыбритания елшісі Кэти Лич қыздардың бастамасына қолдау білдіру үшін арнайы келді. Ол Art qalqa жұмысы мен жоспары жайлы орталық өкілдерімен, суретшімен оның шығармашылығы жайлы пікір алмасты.

Кешке қатысқан Түркия және АҚШ елшілік өкілдері де әйелдер шығармашылығын қолдайтын орталықтың құрылуына қатысты жылы лебізін білдірді. Түркия елшілігінің өкілдері екі ел арасында алда көркемсурет бойынша өтетін шаралардан хабардар етті. Сондай-ақ Қазақстан іскер әйелдер қауымдастығы, Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы республикалық аналар кеңесі өкілдері де шығармашылық әйелдерді қолдау бойынша пікірін ортаға салды.

Астанада мемлекет қолдауымен ересектер мен балаларды оңалтуға бағытталған бірнеше жоба жүзеге асырылып жатыр. Мәселен, «Арғымақ» ат спорты-сауықтыру кешенінде иппотерапия әдісі арқылы балаларды оңалту жүргізілетінін жұрт біледі. Ал биыл оңалту әдістерін кеңейту мақсатында қанатқақты жоба ретінде жаңа бағыт – канистерапияны енгізу қолға алынды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

# ҚАЗАҚЫ ТАЗЫНЫҢ ЕМДІК ҚАСИЕТІ

Канистерапия – арнайы үйретілген иттердің қатысуымен жүзеге асырылатын оңалту және психологиялық көмек әдісі. Аталған әдісті медициналық және әлеуметтік оңалтуда пайдаланады. Бұл тәжірибеге ерекше қолайлы тұқымдардың бірі – қазақы тазы. Тазы сабырлы мінезімен, ақылдылығымен, сезімталдығымен балаға жағымды әсер сыйлайды.

Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы «Nomad» ұлттық аңшылық клубымен келісімшарт жасады. Бұл клуб ұлттық аңшылық дәстүрлерін сақтауға және қазақы тазы тұқымын өсіруге үлкен құрметпен қарайтын адамдарды біріктіреді. Клуб ұжымы бірегей тұқымды танымал етуге белсенді атсалысып, мәдени мұраны сақтауға елеулі үлес қосып жатыр.

«Канистерапия – бұрыннан белгілі медициналық оңалту әдісі. Бұл әдіс адамның күйзеліс пен алаңдаушылық деңгейін төмендетеді, эмоционалдық жағдайды жақсартады, моторика мен үйлесімділікті дамытады, ең бастысы, балалар мен ересектердің әлеуметтенуіне көмектеседі. Ғылыми тұрғыдан дәлелденген, канистерапия күйзеліс гормонын азайтып, керісінше, бақыт гормонын көбейтеді. Итті қарапайым сипау оң әсерін тигізеді. Ал тазы – өте мейірімді, шыдамды және адамның көңіл-күйін жақсы сезетін ит тұқымы. Олар балалармен, карттармен және жарақаттан кейін оңалудан өтіп жатқан адамдармен жұмыс істеуге өте қолайлы. Тазы қатысатын канистерапия – бұл тек терапия ғана емес, сонымен қатар ежелгі әрі текті тұқыммен қарым-қатынастың ерекше тәжірибесі. Бұл әдіс аутизмге, сал ауруына шалдыққан балаларды емдеуге қолданылады» дейді «Nomad» ұлттық аңшылық клубының мүшесі Әділхан Жеңісұлы.



Оның айтуынша, елордада канистерапия иппотерапиямен қатар, яғни сабақтастықта жүргізіледі. Әлемде жалпы осы әдіс арқылы адамдарды оңалтуға пайдаланылатын ит тұқымы санаулы ғана. Бұл – лабрадор, голден ретривер және хаски. Ал тазы тәжірибесі алғашқы рет енгізіліп отыр.

Канистерапияны елордада енгізбес бұрын шетелдік тәжірибе зерттелген.

«Ем-дом техникасын Европа мен Ресейге барып, үйреніп келдім. Бұл – әзірге қанатқақты жоба. Сондықтан белгілі бір нәтиже туралы айтуға әлі ерте. Емделуге қаладағы бірнеше оңалту орталығынан балалар келіп тұрады. Бірақ қазірдің өзінде тазымен серуендеудің жағымды әсері байқалады» дейді «Nomad» ұлттық аңшылық клубының жетекшісі Болат Құнанбаев.

Тазымен бір сағат серуендеудің пайдасы психологпен бір күн өткізгенмен пара-пар деген пікір тараған. Аталмыш клубта қазір 50-ге жуық тазы бар.

«Тазы өзінің қабілеттеріне қарай менталды ауруы бар балаларды емдеуге көп себептен келеді. Алдымен, әрине, иттер арнайы оқыту және тестілеу курсынан өтеді. Қазіргі таңда канистерапияға екі тазыны қолданып жатырмыз. Бұлар экстремалды жағдайларда тексерістен өткен. Яғни, лифтпен, баспалдақпен еркін жүреді, агрессия белгілері жоқ. Бұл қанатқақты жоба болғандықтан канестерапия барысында өзіміз де үйреніп, тәжірибе жинақтап жатқан жайымыз бар. Алайда қандай да бір оң әсері болады деп сенеміз» дейді Әділхан Жеңісұлы.

Жақында «Nomad» ұлттық аңшылық клубы Астана қаласы әкімдігінің сыйлығымен марапатталды. Бұл сыйлық қазақ тазысын сақтау және өсіру жөніндегі әлеуметтік жобаға қосқан елеулі үлесі үшін берілді. Яғни, ұлттық мұраны сақтау және тазы тұқымын дамыту үшін тапсырылды. Таяуда елімізде Тазы және төбет күні ресми түрде бекітілді. Бұл жағдай қазақы тұқымдағы иттердің әлемге танылуына, игілікті істерге пайдаланылуына септігін тигізеді деп ойлаймыз.

# ЖАСТАРДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

Астана – Қазақстанның жүрегі, жастардың арманын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін инновациялар мен даму орталығы. 2025 жылы қала жастары үшін білім беру, жұмыспен қамту, мәдениет және кәсіпкерлік бағытында көптеген жаңа жобалар іске асуда. Ресми статистикаға сәйкес, елордалықтардың 445 мыңы жастар санатына жатады. Демек, бас қала тұрғындарының әр үшіншісі – жас буын өкілі.

Астана жастарының қазіргі басты ұраны – «Жасампаздық пен Жаңашылдық!». Мемлекет тарапынан жасалған қолдау мен заманауи бастамалар олардың болашаққа нық сеніммен қадам басуына мүмкіндік береді. Мәселен, 2025 жылы елімізде «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланды. Бұл бастама жастар арасында техникалық және кәсіптік білімнің беделін арттыруға бағытталған. Осыған орай, Астана қаласының әкімдігі бірқатар бағдарламаларды жүзеге асырып отыр.

Елордалық Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев бұл іс-шараның маңыздылығына ерекше тоқталды.

«Жастардың көпшілігі ақылы жоғары, беделді мамандықтарды қалайды. Бірақ біз қоғамға техникалық мамандардың да аса қажетті екенін көрсетуіміз керек. Бұл – ел экономикасын алға сүйрейтін кәсіптер» деді Қ.Сенғазыев.

Ресми дерек бойынша 2024 жылы жұмысшы мамандықтарын игеруге сұраныс 18%-ға артқан. Бұл көрсеткіш жастардың кәсіби білімге деген қызығушылығы өсіп келе жатқанын көрсетеді.

Жыл бойына Астанада жастар арасында «WorldSkills», «JasSkills» және «DeafSkills» форматтарында кәсіби шеберлік чемпионаттары өтеді. Сонымен қатар, қала колледждерінде арнайы гранттар бөлініп, 10 мыңнан астам жас тегін білім алу мүмкіндігіне ие болмақ.

2025 жылы жастарды рухани және әлеуметтік тұрғыда қолдау мақсатында Жастар ісі секторы жаңа бағыттар әзірлеуде. Бұл салада діни сауаттылық, отбасылық құндылықтар және әлеуметтік жауапкершілік мәселелері қамтылады.

Жақында бас қаладағы «Әзірет Сұлтан» мешітінде жастар ісіне жауапты мамандардың кеңейтілген жиыны өтті. Оған қала имамдары мен ҚМДБ өкілдері қатысты. Жиында 2025 жылға арналған негізгі жобалар қарастырылып, жастарды қоғамға бейімдеу бағдарламалары ұсынылды. Соның бірі ретінде биыл 100-ден астам қайырымдылық және мотивациялық іс-шаралар өткізілмек. Бұл бастаманың аясында Астана мешіттерінде Жастар клубтары, отбасылық институтты нығайтуға арналған «Жас отбасы» курстары ұйымдастырылып, әлеуметтік осал топтарға арналған тегін психологиялық кеңестер беріледі.

Астана қаласы жастардың жұмысқа орналасуына ерекше көңіл бөлуде. 2024 жылы жұмыспен қамту бағдарламалары аясында 23,3 мың адам жұмысқа орналасса, оның 13,7 мыңы жастар болды. Қалада жастарды еңбек нарығына бейімдеу үшін «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны» және «Ұрпақтар келісімшарты» бағдарламалары жүзеге асырылып келеді.

«Мен IT саласында оқыдым, бірақ жұмыс табу қиын болды. Жұмыспен қамту орталығы арқылы «Жастар практикасы» бағдарламасына қатысып, қазір тұрақты жұмысқа орналастым» деп ойымен бөлісті жас маман Әлихан Темірбек.

Биыл Астана жастары үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашылады. Қала әкімдігі, білім беру мекемелері, мәдени ұйымдар және діни қауымдастықтар жастарға барынша қолдау көрсетіп, олардың әр салада дамуына жағдай жасауда. Кәсіпкерлік, инновация, білім беру, мәдениет және жұмыспен қамту салаларында 100-ден астам жаңа бағдарлама іске асырылмақ.

Астана – тек қана елдің бас қаласы емес, жастардың арманын орындайтын, жаңа идеялар жүзеге асатын орын!

**Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ,**
**Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті**



АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

# ӨЗБЕКСТАНҒА ЕМ ІЗДЕП БАРАТЫНДАР НЕГЕ КӨП?

Соңғы жылдары қазақстандықтардың Өзбекстан астанасы Ташкентке барып емделуі жиіледі. Бұған өткен жылы 7 мыңнан астам қазақстандықтың көрші елге емделуге барғаны айғақ. Сапасы жоғары, бағасы арзан шипажайларға баратындар да аз емес.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Өзбекстан денсаулық сақтау жүйесі соңғы жылдары қарқынды дамып, шетелдік емделушілерге қолайлы жағдай жасауда. Әсіресе, стоматология, кардиохирургия, офтальмология және пластикалық хирургия салаларында Өзбекстан дәрігерлерінің тәжірибесі мен қызмет көрсету деңгейіне сенім артатын қазақстандықтар көбеюде. Сондай-ақ медициналық туризмді дамыту мақсатында ала кепешті ағайындар емделушілерге шекаралық бақылау жүйесін оңтайландырып, қызмет көрсету сапасын арттырды. Сарапшылардың айтуынша, бұл үрдіс алдағы жылдары да жалғаса бермек. Себебі Ташкент медицинасы заманауи технологияларды енгізу және медициналық қызмет сапасын арттыру бағытында белсенді жұмыс істеп жатыр. Медицина саласына инвестицияны арттырып, жеке клиникаларына да озық технологияларды енгізуде.

Ал ішкі себепке келсек, кейбір қазақстандықтар отандық медициналық қызметке көңілі толмайды. Денсаулық сақтау жүйесіндегі күту мерзімінің ұзақтығы, қағазбастылық пен анализ нәтижелерінің кешігіп шығуы, қызмет көрсету саласындағы олқылықтар, сондай-ақ бағаның қымбаттығы жаны қиналып, шұғыл ем іздеген жандардың өзге елдерге барып емделуіне себеп болып отыр. Кеңес заманынан қалған ескі емдеу жүйесінен айырыла алмай, хаттама деп қатып қалуы, аурухана мен емханалардың алдындағы ұзын-сонар кезек те көптің көңілін күпті етті.

Екі елді салыстырып айтсақ, біріншіден, Ташкенттегі медициналық қызмет бағасы жағынан Қазақстандағы жекеменшік клиникалармен салыстырғанда әлдеқайда қолжетімді. Қазақстанда мемлекеттік және жеке клиникалар заманауи жабдықтармен қамтылғанымен, мемлекеттік секторда кейде қызмет көрсету сапасы төмендеу. Оның үстіне күту уақыты ұзақ, ұзын-сонар кезек көп. Кейде жаны қиналып барған азаматтар анализ тапсырып, жолдама алып болғанша не жазылып кетеді, не ауруы асқынып, төсекке таңылады. Өйткені Қазақстанда шетелде 20 минутта шығарып беретін жалпы қан талдауының өзін бір күнде шығарып беретін емхана аз. Астананың өзінде кейбір анализдерді Алматыға жіберіп анықтататынына осыдан бірнеше жыл бұрын біз де куә болғанбыз. Ал Өзбекстан жекеменшік клиникалар арқылы жылдам қызмет көрсетуге көшкен.

Қысқасы, Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесі технологиялық жағынан Өзбекстаннан озық болғанымен, Өзбекстандағы медициналық көмек кейбір салаларда Қазақстаннан әлдеқайда қолжетімді әрі жылдам қызмет көрсетеді. Сондықтан денсаулық сақтау жүйесіне жаңаша өзгерістер жасап, қызмет көрсету сапасын жақсартып, науқастардың кедергісіз әрі тез ем алуына жағдай жасамасақ, ем іздеген отандастарымыздың Қытай мен Өзбекстанға шұбауы ешқашан тоқтамайды.



# ЖАҺАНДЫҚ САУДА СОҒЫСЫ: КІМ ҰТАДЫ, КІМ ҰТЫЛАДЫ?

2025 жылы АҚШ-Қытай арасындағы экономикалық қайшылық күшейе түсті. Трамп 2018 жылы бастап кеткен сауда соғысын жалғастырып, АҚШ-ты өз билігіне шығаруға дәмелі. Бұған әлемнің өзге алпауыттары қарап қалмайтыны белгілі.

### САУДА СОҒЫСЫ ҚАЛАЙ БАСТАЛДЫ?

2017-2021 жылдары АҚШ-тың 45-президенті болған Дональд Трамп Қытайға қарсы тарифтер мен басқа да сауда кедергісін енгізіп, сауда соғысын қарқынды жүргізді. 2018 жылдың наурызында АҚШ Қытайдан импортталатын тауар түрлеріне, оның ішінде болатқа 25 пайыз, алюминийге 10 пайыз баж салығын енгізді. Бір ай өткенде Қытай билігі АҚШ-қа жауап ретінде америка тауарына баж салығын салды. Маусым айында ресми Вашингтон 50 миллиард доллар болатын қытай тауарларына баж салығын қойды. Тағы бір ай өткенде ресми Пекин АҚШ тауарына баж салығымен жауап берді. Бұдан кейін екі алпауыт ел бір-біріне дүркін-дүркін сауда-экономикалық қысым жасап, 2019 жылдың қыркүйек айында екі тарап бір-бірінің тауарына тарифтің көтерілетінін жариялайды. Бұл үдеріс әлем экономикасын шайқалтып, Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін болған Ұлы депрессияға түсіруі мүмкін еді. Сондықтан екі елдің басшылары дипломатияны таңдап, 2020 жылдың қаңтар айында АҚШ пен Қытай арасындағы сауда келісімінің бірінші кезеңі басталды. Ал ақпан айында АҚШ келісімнің бір бөлігі ретінде кейбір Қытай импортына баж салығын төмендетті. 2021 жылдың қаңтарында Байден президент қызметіне кірісіп, қазан айында сауда дауы мен экономикалық мәселені шешу үшін АҚШ-Қытай келіссөзі қайта жалғасты. Сөйтіп, екі ел арасындағы сауда келісімі қайта жандана бастады. 2022 жылдың наурызында АҚШ Қытайдан келетін 350-ден астам тауарға тарифтік жеңілдікті қалпына келтірді. Қарашада Индонезиядағы G20 саммиті барысында төраға Си Цзиньпин мен президент Джо Байден кездесіп, экономикалық қарым-қатынас негіздерін талқылады. Жылымық кезең басталғанмен, АҚШ билігі Қытайдың айылын басуды тоқтатпады.

2025 жылы Дональд Трамп Ақ үйге қайта оралып, сауда соғысындағы шиеленісті жаңа деңгейге көтерді. 2 ақпанда Трамп заңсыз көші-қон мен фентанил контрабандасымен күресу қажет екенін алға тартып, Қытай, Канада және Мексикадан келетін тауарға жоғары баж салығын енгізді. Жарлық бойынша Мексика мен Канададан келетін импортқа 25 пайыз, Қытайға қосымша 10 пайыз баж төлеу міндеттеді. Трамп бұл әрекет американдықтарды қорғауға және сауда тапшылығын азайтуға бағытталғанын алға тартты.

### ТРАМПТЫҢ ТАУАР СОҒЫСЫНА ДЕЙІН...

XX ғасырдың 70-жылдары Қытайда экономикалық реформа қарқынды жүріп, АҚШ пен Қытай арасындағы тауар саудасының көлемі өсті. 2001 жылы Қытай Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіргеннен кейін, екі ел арасындағы сауда жедел өсіп, бір-бірінің маңызды сауда серіктесіне айналды.

2009 жылы АҚШ-тың Қытаймен тауардағы екіжақты сауда дефициті 227 миллиард долларды құраса, 2013 жылы 318 миллиард долларға, 2018 жылы 420 миллиард долларға жетті. 2010 жылдан бастап АҚШ пен Қытай ЖІӨ бойынша әлемдегі ең ірі экономикаға ие болып, АҚШ әлемдегі ең ірі импорттаушыға, Қытай әлемдегі ең ірі экспорттаушыға айналды. 2001-2018 жылдары Қытайдың ЖІӨ бес есе өсті. Бұл, негізінен, АҚШ-тан келетін импорт және экспорт есебінен орын алды. 2018 жылы Америка Құрама Штаттары 3,2 триллион доллар тауарлар мен қызметті импорттады. Бұл жеткізілімдердегі Қытайдың үлесі 17 пайызды құрады. Ал Американың Қытайға экспорты сол жылы 2,5 триллион долларды құрады. 2024 жылдың қараша айындағы жағдай бойынша Қытай АҚШ-тың сыртқы саудасының 11,3 пайызын құрайды. Бұл – Мексика мен Канададан кейінгі АҚШ-тың үшінші ірі сауда серіктесі деген сөз.

XXI ғасырда әлем елдерінің экономикалық ықпалдастығы тереңдеп, бір-бірінсіз өмір сүре алмайтын деңгейге жетті. Мұндай экономикалық байланыстар ондаған жылдар бойы қалыптасқандықтан, оны бір күнде үзу қиынға соғады. АҚШ-Қытай сауда соғысы – соның айқын дәлелі.

### ЖАҺАНДЫҚ ЭКОНОМИКАҒА ӘСЕРІ ҚАНДАЙ?

АҚШ пен Қытай арасындағы экономикалық қақтығыс сауда ағыны, жеткізу тізбегі, инвестиция үлгісі және нарық қатынасы сынды түрлі аспектіге ықпал етіп, жаһандық экономикаға теріс әсер етті.

Біріншіден, халықаралық саудаға әсер етті. Қытайдағы өндіріс компаниялары жаңа нарық іздеуге мәжбүр болды. АҚШ кәсіпорындары өндіріс шығынының өсуімен бетпе-бет келді. Компаниялар тариф шығынын жабу үшін тауар және қызмет құнын қымбаттатты. Соның салдарынан халықаралық сауда көлемі қысқарды.

Екіншіден, экономикалық құлдырауға әкеледі. Әлемнің ең ірі екі экономикасы арасындағы сауда қатынасына қатысты бәсеке жаһандық экономикалық өсімді баяулатты. Сауда көлемінің азаюы және шығынның өсуі бүкіл әлемдегі бизнес пен тұтынушыға әсер етіп, экономикалық белсенділіктің баяулауына ықпал етті.

Үшіншіден, кәсіпкерлік инвестицияға әсер етеді. Сауда соғысы инвесторлардың сенімсіздігін тудырып, қор нарығындағы құлдырауға себеп болды. Бұл үдеріс экономикалық өсімге және жұмыс орнын құруға кедергі келтірді. Көптеген ірі компания Қытайдағы өндірісін Вьетнам, Үндістан, Мексика сияқты елдерге көшіруге мәжбүр болды.

Төртіншіден, сауда үлгісіндегі өзгеріс орын алады. Сауда шиеленісінің нәтижесінде әлем елдері балама сауда серіктесі мен жаңа нарықты іздеп, басқа елдермен сауданы ұлғайтты.

Бесіншіден, инфляция күшейе береді. Кәсіпорындар тұтынушыларға ұлғайған шығынды жүктеп, адамдардың сатып алу қабілеті төмендеп, инфляциялық қысым пайда болды.

Алтыншыдан, технология секторына әсер етті. Сауда соғысы технология мен зияткерлік меншік құқығына қатысты болды. АҚШ Қытайдың технологиялық компанияларына (мысалы, Huawei) шектеулер енгізіп, екі ел арасында технологиялық жарыс басталды.

Жетіншіден, геосаяси шиеленіс күшейе түсті. АҚШ-Қытай арасындағы сауда соғысы геосаяси шиеленісті күшейтіп, дипломатиялық қатынастарға және саудадан тыс әртүрлі жаһандық мәселелер бойынша ынтымақтастыққа әсер етті. Бұл сауда соғысы екі державаға ғана емес, бүкіл әлем экономикасының тұрақтылығына әсер еткен жаһандық құбылыс болды.

### БҰҒАН ДЕЙІН ДЕ ТАУАР СОҒЫСЫ БОЛҒАН

XVII ғасырда Англия, Франция және Голландия бір-бірімен үздіксіз сауда соғысын жүргізді, ол мезгіл-мезгіл қанды қарулы қақтығысқа ұласты. XIX ғасырдың 60-жылдары Италия мен Франция арасында сауда соғысы орын алды. Осы кезеңде Шығыс Еуропада Ресей мен Германия арасында «тариф соғысы» жүріп, арты сауда соғысына ұласты. XX ғасырдың 20-жылдары Берлин мен Варшава арасында да тариф соғысы жүрді. Бұл сауда соғыстары аумақтық деңгейді қамтыса, Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін орын алған сауда соғысы ауқымды болып, АҚШ пен Еуропаны қамтыды. 1930 жылы 17 маусымда АҚШ президенті Герберт Гувер «Смут-Хоули» актісіне қол қойды. Құжат 20 мыңнан астам тауарға баж салығын көтеруге негіз болды. Сөйтіп, АҚШ пен Еуропа елдерінің арасындағы сауда-саттықта келіспеушілік орын алды. Бұған дейін Америкаға темір бажсыз әкелінсе, енді тоннасына 75 цент төлеу керек болды. Франция қарымта ретінде автокөлікке тарифті көтерді. Нәтижесінде 1933 жылға қарай американдық экспорт 61 пайызға төмендеді. 1929-1934 жылдар аралығында әлемде сауда көлемі 66 пайызға қысқарды. Ақыры Америкада Ұлы депрессия орын алды. Дүниежүзілік сауданың күйреуі милитаристердің позициясын нығайта түсіп, Екінші дүниежүзілік соғысты тездетті. 1944 жылдың 1-22 шілдесінде АҚШ-тың Нью-Гэмпшир штатында Бреттон-Вудс конференциясы өтіп, оған антигитлерлік коалицияға кіретін 44 мемлекеттен 730 делегат қатысты. Жиында Халықаралық валюта қоры мен Халықаралық қайта құру және даму банкін құру туралы шешім қабылданды. Кедендік кедергілерді азайтып, сауда дауын реттейтін Дүниежүзілік сауда ұйымын (ДСҰ) құру жоспарланды. 1947 жылы 23 мемлекет тарифтер мен сауда бойынша бас келісімге (ГАТТ) қол қойды. Халықаралық ұйымның жұмысы нәтижелі болды да. БҰҰ мәліметі бойынша 1950 жылы әлемдік экспорт көлемі 60,9 миллиард доллар болса, 1960 жылы 127,3 миллиард долларға жетті. Төмен тариф кедергілері жаһандық экономиканы депрессиядан және Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі қайта қалпына келтіруге көмектесті.

**Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**

**P.S:** ***АҚШ пен Қытай арасындағы сауда соғысы жаһандық картаны өзгертуі ықтимал. Өндірісі дамымаған, бәсекеге қабілетсіз елдер инфляция құрығына тұтылып, тынысы тарыла береді. Осындай қиын сәтте бізге де дұрыс жол табу керек.***

## ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### ЭР-РИЯДТА КЕЛІССӨЗ ӨТКІЗДІ

Ресей мен АҚШ делегациялары Сауд Арабиясында кездесу өткізді.



Эр-Риядтағы басқосуға Ресей тарапынан Сыртқы істер министрі Сергей Лавров пен президенттің көмекшісі Юрий Ушаков қатысты. Ал АҚШ атынан бүгін Сауд Арабиясына мемлекеттік хатшы Марко Рубио сөз тізгінін ұстады. Тараптар екі ел арасындағы қарым-қатынасты қалпына келтіру және Украинадағы ахуалды реттеу бойынша келіссөздер өткізді. Украина келіссөзге қатысқан жоқ. 17 ақпанда Украина президенті Зеленский Киев келіссөздер туралы білмеді және оларды мойындамайды деп мәлімдеді.

### КІТАП ОҚЫСА, ЖАЗАСЫ ЖЕҢІЛДЕЙДІ

Кітап оқып, жаза мерзімін қысқартуға болады. Өзбекстанда темір торда отырғандарды түзеуге арналған заң жобасы Олий Мәжілісте қаралып, мақұлданды.



Құжатта сотталғандар 1 кітап оқып, шығарма желісі бойынша емтихан тапсыруы тиіс. Егер сәтті қорғап шықса, жаза мерзімі 3 күнге азаяды. Сарапшылардың пайымынша, аталған бастама темір торға түскендерді түзетіп, оңалтуға ықпал етеді. Өзбекстанның 49 түрмесінде кітапхана бар. Онда 230 мыңнан астам түрлі жанрдағы шығарма қоры жинақталған.

### ХАМАС-тың ҚАДАМЫ

ХАМАС Газа секторын Палестинаның ұлттық әкімшілік басқаруына беруге дайын. Мұндай шешім Каирдегі келіссөз кезінде қабылданған.



ХАМАС сондай-ақ Әкімшілікке қосылғаннан кейін қозғалыс мүшелерінің жұмыс орындарын сақтау немесе оларды кепілдік берілген төлемі бар зейнеткерлікке жіберу қажет деген шарт қойған. АҚШ президентінің Таяу Шығыс бойынша арнаулы өкілі Стив Уиткоффтың айтуынша, осы аптада ХАМАС пен Израиль арасындағы бейбіт бітім келісімінің екінші кезеңі басталуға тиіс.

№20 (4764) 20/02/2025 Бейсенбі

# ДҮЙСЕНБІ
## 24 АҚПАН

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран
6:05 «Әлемнің таңғажайып көріністері».
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Тағдыр жазуы». Телехикая.
12:10 «ТАТУ-ТӘТТІ». Реалити шоу.
13:45 «TED» үздік туындылары
14:00 АҚПАРАТ
14:10 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
15:00 «Қара шаңырақ». Телехикая.
17:00 АҚПАРАТ
17:10 «Сезім толқыны». Телехикая.
18:00 «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:25 «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». Телехикая.
22:15 «ЛӘЙЛӘ». Телехикая.
23:15 «1001 ТҮН».
0:50 «Ашық алаң».
1:40 «Сана»
2:40 «Тату-тәтті». Реалити шоу.
4:05 «Бірегей»
4:45 «Ауылдастар»

5:00 “Дүлдүлдер дүбірі”
6:00 Телехикая. “Пәленшеевтер”
7:00 “Оян!”
9:00 Мультсериал. “ Умка”
9:30 Телесериал. “На твоей стороне-2”
11:30 “Тамаша”
12:00 “President”
12:15 “Әлеумет”
12:30 Телехикая. “Келінжан 5”
13:15 Телехикая. “Қара жәшік”
14:00 Телехикая. “Бахар”
16:00 Телесериал. “Старший следователь”
18:00 Новости
18:30 Жаңалықтар
19:00 Телехикая. “Қара жәшік”
20:00 Телехикая. “Бахар”
21:45 Телехикая. “Келінжан 5”
22:45 Телесериал. “Перекресток”
23:45 Телесериал. “Старший следователь”

**ASTANA TV**

06.15 «Место под солнцем» телесериал
09.00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
10.40 «Құрақ» телехикаясы
12.15 «Осман 2» телехикаясы
15.00 «Бажа» сериал
15.45 «Саке 2» телесериал
17.00 «Место под солнцем» телесериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
22.20 «Адасқан сезім» телехикаясы
23.20 «Осман 2» телехикаясы
01.10 «Склифосовский 9» телесериал

6:00 «П@УТINA» бағдарламасы
7:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:00 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11:50 «АНАТОМИЯ СЕРДЦА»
13:00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14:00 «НОВОСТИ»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «ЧУЖОЙ СРЕДИ СВОИХ»
0:30 Ночной кинотеатр. «ЖЕНСКОЕ ДЕЛО»
1:55 «П@УТINA» бағдарламасы
3:05 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы

**КТК**

7:05 “КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!” (қайталау)
8:05 “ҚЫЛ ҮСТІНДЕГІ ТАҒДЫР-2”
10:00 “ПАРАД ЮМОРА”
12:20 “ФОТО НА НЕДОБРУЮ ПАМЯТЬ”
14:30 “САШКА”, мелодрама.
17:30 “РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА”
19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20:00 “АСТАРЛЫ АҚИҚАТ”, ток-шоу.
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 “СПАСТИ ВЕРУ”, мелодрама.
23:50 “ЗОЛОТО-2”, остросюжетный детектив
1:50 “МАРУСЯ”, мелодрама
2:35 “ӨТКЕН КҮНДЕР-1”, өзбек телехикаясы.
5:20 “АСТАРЛЫ АҚИҚАТ” (қайталау)
6:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

**31**

06:00 «Әзіл студио»
06:30 «31 әзіл»
07:30 «TikTok show»
08:00 Мультсериал «Буба»
09:00 Мультсериал «Команда Мстители»
09:30 «Құйынды мекен» телехикаясы.
11:00 «Дубай любой ценой» (повтор)
13:10 «Я – Четвертый» (повтор)
15:30 «Охотник на монстров» (повтор)
17:40 «Ангелы Чарли»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Костолом»
23:00 «Құйынды мекен» телехикаясы.
01:30 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:00 Реалити-шоу «Келіндер бәйгесі»
02:40 «Time Vine»
03:00 «TikTok show»
04:20 «1001 Әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
04:30 Телевикторина «BALA BATLLE»
05:20 «Ризамын»

**7**

6:00 Әнұран
6:02 “Бастық боламын” Телехикая.
7:30 “Здоровье с Айнур Тажиной”
8:00 “Абысындар-2”. Телехикая
10:00 «Великолепный век. Хюррем».
11:00 “Бесценное время”. Телесериал
12:55 “Варвара краса - длинная коса”
15:00 “БРАК ПО ЗАВЕЩАНИЮ-3. ТАНЦЫ НА УГЛЯХ” Телесериал (2013, Россия)
17:00 “АБЫСЫНДАР-2”. Телехикая
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:20 “АБЫСЫНДАР-2”. Телехикая
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
20:00 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. ХЮРРЕМ».
21:00 “БЕСЦЕННОЕ ВРЕМЯ”. Телесериал
22:40 “СЕЗІМ ҮШІН”. Телехикая
23:30 “ҚАЙЫРЛЫ КЕШ, ҚАЗАҚСТАН!”
1:40 “Тек қана қыздар” Телехикая
2:30 Жайдарман
3:40 “Жеңіп көр”. Бағдарлама
4:40 “Қуырдақ”

**НТК**

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Қызық Live» (каз.)
08.00 Телехикая «Достық 99» (каз.)
08.45 Телехикая «Қатыгез Ыстамбұл»
09.45 «ВСПЫШ И ЧУДО-МАШИНКИ»
10.10 «ШОУ УРАЛЬСКИХ ПЕЛЬМЕНЕЙ»
11.00 «МИР НАИЗНАНКУ» (трэвел-шоу)
12.00 «СЕЗІМ БАҒЫ» (каз.)
16.00 Телехикая «Қатыгез Ыстамбұл»
17.10 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
17.40 «РЕВЮ» (каз.)
18.00 «ХАНТЕР-КИЛЛЕР» (боевик, Джерард Батлер, Гари Олдман)
20.10 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.30 «СПЯЩИЕ ПСЫ»
22.40 «ФАНТОМ» (фантастический триллер, Юэль Киннаман, Эмиль Хирш, Гоша Куценко)
00.20 «Қызық Live» (каз.)
01.00 «Ұ-NIGHT SHOW» (каз.)
02.20 Телехикая «Мезгілсіз сезім»
03.10 «INSTA TV» (каз.)
04.00 – 05.00 «Екі езу» (каз.)

# СЕЙСЕНБІ
## 25 АҚПАН

**QAZAQSTAN**

6:00 ӘНҰРАН
6:05 «ЖӘДІГЕР»
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
12:10 «ТАТУ-ТӘТТІ». РЕАЛИТИ ШОУ.
13:45 «TED» ҮЗДІК ТУЫНДЫЛАРЫ.
14:00 АҚПАРАТ
14:10 «АҚОРДА»
14:25 «ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ»
14:45 «ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП»
15:00 «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ».
16:00 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». ТЕЛЕХИКАЯ.
17:00 АҚПАРАТ
17:10 «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
18:00 «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:25 «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ».
